

МАЗМҰНЫ

03

ТЖКББ трансформациясы

Әсет Мұханбетов, ҚР Оқу-ағарту министрлігі
Техникалық және кәсіптік білім департаментінің
директоры: «Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау,
колледждерді заманауи материалдық-техникалық
құралдармен жабдықтау және педагогтердің
біліктілігін арттыру біз үшін – басты басымдық»

14

Кәсіп компасы

Санжар Тәтібеков, «Талап» КЕАҚ басшысы: «Басты
мақсатымыз – тек білім саласын ғана емес, жұмыс
берушілер мен бизнес өкілдерін де қамту»

20

Колледж тынысы

Шыңғыс Нұрғожаев, Талдықорған жоғары
политехникалық колледжінің директоры: «Біз
бірқатар ірі компаниялармен өзара тиімді серіктестік
орнатып, студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіру
үшін шефтік қолдауды белсенді жүзеге асырып
келеміз»

32

Selfmade

Колледждерге қаржылық еркіндік керек: №1095
қаулы мен 63-баптың қайшылығы

35

Өндіріс-life

Еңбекте ерге тән мықтылық: өнеркәсіп саласындағы
әйелдер жайлы зерттеу жүргізілді

40

Маман мәртебесі

Шолпан Каринова, Колледждердің беделін
арттыруымыз керек

46

WorldSkills

Қазақстан және Орта Азия құрылыс мамандары:
тәжірибе алмасу және шеберлік жарысы

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ОРТА АЗИЯ ҚҰРЫЛЫС МАМАНДАРЫ: ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК ЖАРЫСЫ

ӘСЕТ МҰХАНБЕТОВ,

ҚР Оқу-ағарту министрлігі
Техникалық және кәсіптік білім
департаментінің директоры



Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, колледждерді заманауи материалдық-техникалық құралдармен жабдықтау және педагогтердің біліктілігін арттыру біз үшін – басты басымдық.

”

Қазақстандағы білім жүйесін халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті ету үшін министрлік қандай шаралар қабылдап жатыр? Оқу-ағарту министрлігі қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде халықаралық тәжірибелерді енгізу бағытында қандай жұмыстар атқарып жатыр?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына Жолдауында кәсіптік білімді реформалаудың экономиканы дамытудағы рөліне айрықша тоқталып, өз Жарлығымен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. «Жұмысшы мамандықтар жылын» жоғары деңгейде ұйымдастыру мақсатында арнайы іс-шаралар жоспары әзірленіп, Үкімет қаулысымен



«Жұмысшы мамандықтар жылының» іс шаралар жоспарында қамтылған негізгі шаралардың бірі еліміздің 10 колледжін интернационализациялау. Оның негізгі мақсаты- қазақстан колледждерінің жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттырып, білім беру бағдарламаларының халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету.

Менеджменттің үздік халықаралық тәжірибесін енгізу үшін шетелдік менеджерлерді тарту арқылы колледждерді басқарудың озық әлемдік модельдерін енгізу іске асырылады.

Сонымен қатар, бұл жұмыстардың аясында педагогтарымыз шетелдік колледждерімен тәжірибе алмасып кәсіби деңгейін арттырады, ал студенттеріміз академиялық ұтқырлық тәртібімен аталған оқу орындарында білімін жетілдіреді. Нәтижесінде, колледждердің бәсекеге қабілеттілігі жоғарылап, білім сапасы халықаралық деңгейге көтеріледі.

Бұдан басқа ел ішінде студенттердің академиялық ұтқырлығы, педагогтердің тағылымдамалары ұйымдастырылады. Аталған негізгі бастамалар білім беру сапасын арттырып, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Министрлікпен қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде халықаралық тәжірибелерді енгізу мақсатында маңызды жұмыстар іске асырылуда. Бұл жұмыстар аясында білім сапасын арттыру, еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін мамандар даярлау және халықаралық білім беру жүйесімен интеграциялау көзделеді.

Қазіргі уақытта министрлік көптеген шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық орнатып, қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізуде. Яғни, еліміздің колледждері шетелдік оқу орындарымен бірлесіп, студенттерге екі диплом алу мүмкіндігін ұсынбақ. Бұл колледж студенттеріне халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті маман болып шығуға мүмкіндік береді.



Президент «Жұмысшы мамандықтарының қаласы» фестиваліне барды

ЕХРО көрме алаңында болашақ мамандардың, жұмыс берушілер мен кәсіптік-техникалық ұйымдардың басын қосқан «Жұмысшы мамандықтарының қаласы» фестивалі өтіп жатыр. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жарияланған «Жұмысшы мамандықтары жылындағы» алғашқы ауқымды іс-шара.

Фестиваль Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен және басқа да салалық ведомстволардың, ұлттық компаниялар мен ірі кәсіпорындардың қолдауымен өтіп жатыр. Қалашықтағы 40 интерактивті көрмеде 200-ден астам мамандықтың қырсырына қанығып, экономика секторларының ерекшеліктерімен танысуға болады. Фестиваль аясында бірнеше күн бойы түрлі семинарлар, шеберлік сағаттары, инновациялық сессиялар мен жұмыс жәрмеңкелері ұйымдастырылады. Алғашқы екі күнде іс-шараға 15 мыңнан астам адам келген.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика, тау-кен, металлургия, мұнай-газ, құрылыс, ауыл шаруашылығы және тағы да басқа салаларға маман даярлау үдерісімен танысты. Сондай-ақ Президентке еңбек нарығындағы сұранысқа және әр өңірдің ерекшелігіне қарай кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарын трансформациялау мысалдары баяндалды.

Президент атом электр стансасы секілді ірі жобаларды жүзеге асыру қарсаңында сапалы білім мен кәсіби дағдыны меңгерген мамандар өте қажет екенін айтты.

Сонымен қатар, шетелдік тәжірибелерді енгізу арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, колледждердің инфрақұрылымын, материалдық-техникалық базасын жетілдіру, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмыстары да қоса жүргізілуде.

Сондай-ақ, халықаралық тәжірибемен алмасу мақсатында колледж студенттері мен педагогтері біліктіліктерін арттырып, шетелдерде тағылымдамадан өтіп, тәжірибе жинақтау мүмкіндіктеріне ие болады.

Кәсіптік білім мен дағдыларды дамыту мәселесі қалай шешілуде? Осыған байланысты жаңа бағдарламалар немесе бастамалар қолға алынған ба? Министрлік мамандарды даярлау бойынша кәсіптік колледждермен бірлесе отырып қандай жаңа бағдарламалар әзірлеуде?

Негізгі басымдық – бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, білім беру мекемелерін заманауи материалдық-техникалық базамен толық қамтамасыз ету, педагогтердің біліктілігін арттыру. Қазіргі таңда кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін трансформациялау бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде, бұл мемлекеттік тапсырыстың көлемін ұлғайтуды, білім беру бағдарламаларына үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуді, кәсіби шеберлік чемпионаттарын өткізуді қамтиды.

Білім беру бағдарламаларын жетілдіру және жаңарту жалғасады, жасанды интеллектіні кәсіби қызметте қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған модульдер және мәндес салалардағы біліктілікті игеруге мүмкіндік беретін қосымша minor-бағдарламалар енгізілетін болады.

Білім беру бағдарламаларының тізілімі негізінде ТЖКБ білім беру бағдарламаларының ұлттық портфелі қалыптастырылып, ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық плат-



формасымен интеграцияланатын болады. Ұлттық портфельге тізілімдемедегі ең үздік білім беру бағдарламалары енгізілетін болады.

Кәсіпорындарды білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламалары халықаралық салалық талаптарға/стандарттарға негізделуге тиіс. Бұл талаптарға сәйкестендіру үшін қазіргі таңда заңнамалық өзгерістер енгізілуде.

Қазіргі уақытта халықаралық стандарт бойынша Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде білім беріледі. Сонымен қатар, елімізде жұмысшы мамандықтарды оқытатын тағы 5 колледж халықаралық аккредиттеуден өтті: Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжі (NCCER), Өскемен жоғары политехникалық колледжі (NCCER), Х. Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі (NCCER), АРЕС Petro Technic жоғары колледжі (IWCF, OPITO) және И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжі (NCCER).

Кәсіптік колледждердің қазіргі статусы туралы айтып берсеңіз. Олар қалай дамып жатыр және олардың сапасы мен имиджін көтеру үшін қандай шаралар қабылданып жатыр?

Ең бастысы – жұмысшы мамандарының беделін арттыру бойынша колледждерді қаржыландырудың жаңа нормативін қабылдады. Қазіргі таңда бір студентті оқытуға бөлінетін қаражаттың орташа мөлшері 450 мың теңгені құраса, үстіміздегі жылғы 1 қыркүйектен бастап нақты көрсеткіштерге жеткен колледждер үшін ол 2 еседен артыққа өсіп, орташа есеппен 900 мың теңгені құрайтын болады.

Сонымен қатар, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, колледждерді заманауи материалдық-техникалық құралдармен жабдықтау және педагогтердің біліктілігін арттыру біз үшін - басты басымдық. Министр-



лікпен колледждердің статусын көтеру мақсатында менеджмент, сапа, жарақтандыру, педагогикалық құрам, әріптестік, нарықтағы табыстылық және даму деңгейі сияқты көрсеткіштердің жетістіктері негізінде колледждерді саралауды көздейтін жаңа қаржы моделін әзірледі. Бұл модель білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға және мемлекеттік ресурстарды пайдалануды оңтайландыруға бағытталған.

Қазақстандағы колледждер мен университеттер арасындағы ынтымақтастықтың дамуы қалай жүріп жатыр? Кәсіптік білім беру мен жоғары білім арасындағы байланыс қандай болуы керек? Кәсіптік колледждер мен университеттер арасында тәжірибе алмасу, стажировка, кәсіпорындармен серіктестік орнату мәселесі қалай шешілуде? Осы бағыттағы даму үшін қандай перспективалар бар?

Қазақстандағы колледждер мен университеттер арасындағы ынтымақтастық соңғы жылдары белсенді дамып келеді. Бұл үрдіс



білім беру сапасын арттыруға, студенттердің заманауи дағдыларды игеруіне, ТЖКБ мамандарын даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта жұмысшы мамандықтарын дамыту жөніндегі бастама аясында 30 өңірлік жоғары оқу орны мен 100-ге жуық колледждердің өзара жұмыстары жолға қойылды. Бұл шара университеттер мен колледждерге ел экономикасы үшін сұранысқа ие кадрларды даярлау ісінде бірлесе жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, елімізде колледжде оқыған жастар енді жоғары оқу орнының дипломын бұрынғыдан ерте алып, жұмысқа орналасуға мүмкіндік тудыратын шаралар қабылданып жатыр. Колледж түлектері үшін универсиетте оқу ұзақтығын қысқарту жоспарланып отыр. Бұл дегеніміз оқыту нәтижелерін арттыратын үйлестірілген білім беру бағдарламалары колледж түлектеріне жоғары білім алу үшін оқуын екі жылға жеделдетілген қарқынмен жалғастыруға және жоғары біліммен еңбек нарығына шығуға мүмкіндік береді. Мұндай икемді тәсіл еңбек нарығына шығудың баламалы әдістерін жасай отырып, жастардың мансап жолын жүйелейді.

Кәсіптік білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын жаңарту және заманауи талаптарға сай келтіру үшін қандай шаралар қарастырылуда?



ҚР Оқу-ағарту министрлігі тарапынан ТЖКБ ұйымдарын материалдық-техникалық базаларын (МТБ) жарақтандыру бойынша жұмысты тұрақты негізде жүргізуде.

«Жас маман» жобасы аясында 180 мемлекеттік колледж заманауи оқу құралдарымен жабдықталды. Алайда, қазіргі таңда бірқатар мемлекеттік колледждердің материалдық-техникалық базасын жаңартуға қажеттілік бар. Бұл білім ұйымдары оқу процесінде моральдық тұрғыдан ескірген жабдықты пайдаланады. Тиісінше жеке-леген жағдайларда жұмысшы мамандар даярлаудың сапасының төмендеуі және түлектер алып шығатын дағдылардың заманауи өндірістік талаптарға сәйкес келмеуі орын алуда.

Осыған орай, жергілікті атқарушы органдардың алдында Министрлік тарапынан жұмыс берушілер болып табылатын әлеуметтік серіктестердің жеке инвестицияларын тарта отырып 2025-2027 жылдары колледждерді заманауи материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр.

Оған қоса, 2024 жылғы 23 ақпанда колледждердің қаржылық дербестігі туралы норма қарастырылған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды. Аталған Заңмен колледждерге тауарлар мен қызметтерді сатудан алынған кірістерді өз бетінше пайдалануға мүмкіндік берілді.

Қазіргі уақытта колледждер оқу процесі шеңберінде өндірілген өз өнімдері мен қызметтерінің тауарларын (*жұмыстар, қызметтер, жиһаз, тігін, кондитерлік өнімдер, нан пісіру өнімдері және т.б.*) сатады. Колледждер өз өнімдерін сатудан түскен қаражатты материалдық-техникалық базаны нығайтуға жұмсайды.

Сонымен қатар, ТЖКБ ұйымдарының МТБ ірі кәсіпорындар есебінен жабдықталды

(қамқоршылық, демеушілік, жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен).

Айта кетсек, 2024 жылы жергілікті атқарушы органдар тарапынан 104 колледждің МТБ жабдықталды.

Кәсіптік колледждердің түлектерін жұмысқа орналастыру мәселесі қалай шешілуде? Осы бағытта қандай арнайы бағдарламалар немесе ынталандыру жүйелері бар? Қазақстандағы білім жүйесінің «кәсіптік білім беруді еңбек нарығына сәйкес қалыптастыру» қағидасы қалай жүзеге асырылып жатыр? Осы бағыттағы мәселелер қандай?

Оқу-ағарту министрлігі жастарды жұмыспен қамту мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Жастарды жұмыспен қамтудың негізгі шараларының бірі – олардың жұмысқа орналасуы. 2024 жылы Оқу-ағарту министрлігі өңірлердің экономика құрылымын түгендеу мен талдаудан өткізді. Осы жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік органдармен бірлесіп төрт макроөңір, олардың даму бағыттары

және профилизациялауға жататын 195 колледж анықталды.

Еліміздегі жұмыс күшінің үштен бірінен астамы Қазақстанның оңтүстік аймақтарында шоғырланған өндірістерді локализациялау және инфрақұрылымды дамыту бойынша жүріп жатыр.

Орталық және шығыс облыстарда кадрлардың саларалық және өңіраралық ауысуын қамтамасыз ету үшін одан әрі индустрияландыру жоспарлануда.

Солтүстік өңірлерде аграрлық сектор қарқынды жүзеге асырылып жатса, батыста – ірі компаниялардың айналасында жаңа өндірістер құрылуда.

Негізгі мақсат – экономиканың қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы мамандарды даярлауды күшейту.

Маман даярлаудағы маңызды қадам – бизнспен ынымақтастық құру болып табылады. Қазіргі уақытта 518 кәсіпорын дуальды оқыту, шефтік қамқорлыққа беру секілді түрлі өзара ынтымақтастық құралдарын қолдана отырып, 410 колледжбен тығыз



қарым-қатынаста жұмыс жасауда. Олардың санын 4 мыңға жеткізу жоспарлануда. Бұл студенттерді практикалық дайындықпен және жұмыспен қамтамасыз етуге өз септігін тигізеді. Елімізде колледж түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші 79%-ды құрап, жұмыспен қамтылғандардың үлесі 25% құрат отыр.

Талантты жастарды бизнес-жобаларды «идеядан табысты бизнеске дейін» жүзеге асыруға қолдау көрсету мақсатында еліміздегі 40 колледжде «Business Startup» (Бизнес-стартап) студенттік орталықтары құрылған.

Қазіргі уақытта дуальды оқыту 18 мыңнан астам кәсіпорынның қатысуымен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 108 мыңнан астам білім алушыны қамтитын 552 колледжде енгізілді.

Дуальды оқыту шеңберінде колледждер шағын және орта бизнес кәсіпорындарымен ғана емес, сонымен қатар ірі компаниялармен де әріптестікті жолға қойған. «Дон тау-кен байыту комбинаты» ЖШС, «Сарыарқа-АвтоПром» ЖШС, «КазЦинк» ЖШС, «KAZ


Minerals» ЖШС, «КНАУФ Гипс – Қапшағай» ЖШС және т. б. үш жақты келісімшарттар жасалды.

Мысалы, Дон тау-кен байыту комбинаты, СарыарқаАвтоПром кәсіпорындары студенттердің тәжірибесіне ақы төлейді, студенттерді тегін тамақпен және киім-кешекпен қамтамасыз етеді, түлектердің жұмысқа орналасуына кепілдік береді.

Сондай-ақ, түлектердің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, дуальді оқыту шеңберінде тәжірибе мерзімі еңбек өтіліне есептеледі (6 айдан 1,5 жылға дейін). Соңғы екі жылда кәсіпорындарда тәжірибеден өткен 26,5 мыңнан астам (72%) түлек жұмыспен қамтылды.

Сонымен қатар, жыл сайын кәсіпорындардың өтініштері бойынша 10 мың абитуриент қабылданады, қазіргі уақытта осы бағдарлама бойынша 30 мың студент білім алуда. Оның ішінде, тәжірибе (практика) ұйымдастыру және түлектерді кейінгі жұмыспен қамту бойынша міндеттемелерді кәсіпорын-заказчиктер өз мойнына алады.





Оқу-ағарту министрлігі кәсіптік білім беру жүйесіне инновациялық технологияларды енгізу үшін қандай шаралар қабылдауда? Бұл салада цифрландыру қандай деңгейде жүріп жатыр?

Бүгінгі күні заманауи цифрлық технологияларды, отандық IT-секторды дамыту, IT мамандарды даярлау сапасын жетілдіру, «жасанды интеллект» технологияларын қолдану - уақыт талабы.

Осы мақсатта биыл Білім саласын дамыту тұжырымдамасына тиісті өзгерістер енгізіліп, техникалық және кәсіптік білім беруді цифрландыру бөлігімен толықтырылды.

Тұжырымдамада көзделген міндеттерді іске асыруда бірқатар жұмыстар атқарылуда.

Атап айтсақ, колледждерде мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін және мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында

мемлекеттік қызметтерді жаппай цифрландыру жалғастырылуда.

Студенттердің практикасын ұйымдастыру процесін автоматтандыру мақсатында ұлттық білім беру деректер қорының (НОБД) ақпараттық жүйесі мен Enbek.kz. порталының интеграциясы жүзеге асырылды.

Білім беру саласын цифрландыру аясында 2023 жылдан бастап техникалық және кәсіптік білім туралы дипломдар бланкіде QR-кодпен беріле бастады. Деректерді автоматты сәйкестендіру мен верификациялау немесе QR-код технологиясын қолдану жалған диплом жасаудан қорғауға және жұмыс берушілердің диплом түпнұсқалығын бірден тексеріп алуына мүмкіндік беретін жаңашылдық болып табылады.

Сонымен қатар, студенттердің мүмкіндіктерін кеңейту және біліктілігін арттыру мақсатында колледждер базасында өңірлік IT-орталықтар құрылуда. Бұл экономиканың цифрлық трансформациясы мен IT-ма-

мандарға сұраныстың өсуі жағдайында аса өзекті болып отыр. Өңірлік IT-орталықтар колледж студенттеріне еңбек нарығында сұранысқа ие заманауи техникалық дағдыларды игеруге, сондай-ақ озық білім беру ресурстары мен бағдарламаларына қол жетімділікті қамтамасыз етуге ықпал етеді. Бұл инновациялық жобаларды дамыту, IT-компаниялармен және халықаралық серіктестермен ынтымақтастық құру бағытында қосымша мүмкіндіктерге жол ашады.

Сондай-ақ, Қазақстанның 20 колледжінде «Business Startup» студенттік орталықтар құрылды. Бұл орталықтар студенттердің өз ісін ашуы үшін кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға бағытталған. Бүгінде 700-ге жуық колледж студентінің қатысуымен студенттік орталықтарда 167 стартап іске асырылды, кейбір жобаларда цифрлық технологиялар мен жасанды интелектің элементтері қолданылған.

Осындай ірі жобалардың бірі Семей қаласының радиотехника және байланыс колледжінің студенттері құрған егістіктерді суарудың автоматтандырылған жүйесі болып

табылады. Сондай-ақ Алматыдағы Халықаралық бизнес академиясы колледжінің студенттері экологиялық таза, көп рет пайдалануға болатын қаптамалар жасауда. Кез-келген күрделіліктегі веб-сайттар мен мобильді қосымшалар жасау жобасы да табысты жүзеге асуда.

Кәсіптік білім беру мекемелеріндегі оқу бағдарламаларының сапасы мен өзектілігін қалай қамтамасыз етесіздер? Осыған қатысты министрлік қандай шаралар қолданады?

Колледждердегі оқу бағдарламаларының сапасы мен өзектілігіне үлкен мән беріледі, өйткені олар еңбек нарығындағы талаптарға жауап беруі тиіс және студенттердің сапалы кәсіби білім алуына ықпал етуі қажет.

2022 жылдан бастап колледждерде академиялық дербестік енгізілді. Академиялық дербестік мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары, кәсіби стандарттар, WorldSkills кәсіби стандарттары және өңірлік ерекшеліктер негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен,





еңбек нарығы талаптарын ескере отырып білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеуге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, білім беру бағдарламаларын есепке алудың бірыңғай ақпараттық ортасын қалыптастыру үшін білім беру бағдарламаларының Тізілімі жасалды. Білім беру бағдарламаларына жұмыс берушілер және олардың сапасын бағалау жөніндегі индустриялық кеңес сараптама жүргізеді, оны ескере отырып, сапалы білім беру бағдарламалары іріктеліп, білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізіледі. Білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру ауқымды техникалық және мазмұнды сараптама жүргізу арқылы білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні тізілімге 8 мыңнан астам білім беру бағдарламасы енгізілді.

Бұл шаралар колледждерге еңбек нарығындағы кез келген өзгерістерге неғұрлым икемді және жедел ден қоюға және жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін мамандарды даярлауға мүмкіндік береді, бұл түпкі нәтижесінде білім беру, кадрлар даярлау сапасын жақсартады.

Жастар арасында кәсіптік білім алу мен жоғары білім алудың арасында таңдау жасауда қандай мәселелер туындайды? Бұл бағытта министрлік қандай ақпараттық науқандар жүргізіп жатыр?

Бүгінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде 772 колледж жұмыс істейді, онда 565 мың студент білім алуда. Биыл сұранысқа ие техникалық және кәсіптік білім беру бойынша тегін оқумен қамтылатын студенттер саны 150 мыңды құрайды, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 10 мың орынға артады. Мемлекеттік тапсырыстың 70%-ы техникалық мамандықтарға, оның ішінде машина жасау, көлік, энергетика, IT, құрылыс және басқа да салаларға бағытталатын болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес және Жұмысшы мамандықтары жылы аясында еліміздің орта білім беру ұйымдарында педагог-кәсіптік бағдар беруші лауазымы алғаш рет ресми түрде бекітілді. Бұл бастама оқушыларға мамандық таңдауда ерте бағыт-бағдар беруге, сондай-ақ оқушылар, ата-аналар, педагогтер, колледждер мен жұмыс берушілер арасындағы



өзара байланыс пен ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар, 2023-2024 оқу жылынан бастап Қазақстанда жоғары сынып оқушыларына жұмысшы мамандығы біліктілігін беру бойынша пилоттық жоба іске асырылуда. Еліміздің 17 өңірінде іске қосылған жоба кадрлар даярлауға көзделген. Бастама мектептің білім беру жүйесінің практикалық бағытын күшейтуге және жастардың жұмысқа ерте орналасуына мүмкіндік жасауға бағытталған. Кәсіптік даярлық колледждер базасында, ал жалпы білім беру пәндерін меңгеру мектептерде өтеді. 11-сыныпты бітіргеннен кейін оқушылар аттестат қана емес, жұмысшы біліктілігімен ортатехникалық білім туралы диплом да алады.

Пилоттық жобаға 150-ге жуық колледж мен мектеп қатысуда. Жоғары сынып оқушылары еңбек нарығы үшін қажетті бағыттар бойынша білім алады, оның ішінде тамақта-

нуды ұйымдастыру, автокөлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу, тігін өндірісі және киімді модельдеу, киім дизайны, графикалық және мультимедиялық дизайн, дәнекерлеу ісі, жиһаз өндірісі, шаштараз қызметі қамтылған.

Бүгінгі таңда жобаға 2 мыңға жуық оқушы қатысуда. 2025 жылғы наурыз айында 905 түлек кәсіби біліктілікпен қатар еңбек нарығына бірден шығу мүмкіндігін алып, колледж дипломын алды.

Сондай-ақ, колледж студенттері үшін мемлекет бірқатар әлеуметтік кепілдіктерді қарастырады: стипендиямен, ыстық тамақпен, қысқы және жазғы демалыс кезінде жеңілдікпен жол жүрумен, жатақханамен қамтамасыз ету және колледждерге түсу кезінде квоталар беру.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2024 жылдың қыркүйегінен бастап мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын колледж студенттеріне арналған стипен-



дия мөлшері 2022 жылмен салыстырғанда 2 есеге артты.

Колледждерде барлық жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ жұмысшы мамандығында оқып жатқан барлық студенттер ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Келешекте кәсіптік білім беру жүйесін реформалау бойынша жоспарларыңыз қандай?

Жұмысшы мамандықтар жылының тағы бір жаңалығы Мемлекет басшысы бастамашылық еткен Жұмысшы мамандықтар жылының аясында Министрлік техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялауға арналған арнайы жол картасын қабылдады.

Трансформацияның аясында атқарылатын негізгі бағыттарға тоқталып өтсем:

Білім беру бағдарламаларын жетілдіру және жаңарту жалғасады. Кәсіби қызметте жасанды интеллектіні қолдануға бағытталған модульдер енгізіледі және мәндес салалардағы біліктілікті игеруге мүмкіндік беретін қосымша minor-бағдарламалар әзірленеді.

Сонымен қатар, білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламаларының тізілімі негізінде ұлттық портфель қалыптастырылады. Ол ұлттық біліктілік жүйесінің (яғни-НСК) цифрлық платформасымен интеграцияланады. Нәтижесінде, аталған платформа барлық стейкхолдер үшін пайдалы болады.

Оған қоса, Қосшы қаласында бизнес пен білім беру ұйымдары арасында диалог алаңының рөлін атқаратын Ұлттық құзыреттілік орталығы құрылады.

Атап өту керек, мұндай орталықтар Қытай, Оңтүстік Корея, Ресей елдерінде табысты жүзеге асырылып, жоғары білікті кадрлар даярлауда өзінің тиімділігін дәлелдеді.



Сондықтан, Ұлттық құзыреттілік орталығының ашылуы жұмысшы мамандықтарының тартымдылығы мен білім сапасын арттыру жөніндегі стратегияны жүзеге асырудағы негізгі қадам. Орталық ұлттық құраманың әлемдік WorldSkills чемпионаттарына дайындалатын базасына айналады, сондай-ақ кадрларды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруда басты аймақтық база болады. Сондай-ақ ол жұмыс берушілер мен кадрларды даярлау жүйесінің арасындағы ынтымақтастықты арттырады.

Сонымен қатар, биылғы жылдың тағы бір жаңалығы – Түркітілдес елдердің арасында болашақ жұмысшы мамандардың кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған алғашқы Turkickills чемпионатын өткізу жоспарлануда. Бұл іс-шараның түпкі мақсаты – әртүрлі саладағы үздік тәжірибелерді анықтап, экономикасы тығыз байланысты мемлекеттермен инновациялық шешімдермен алмасып, оларды өндіріске енгізуге жол ашатын алаң құру. 2025 жылғы мәдени астанасы Ақтау қаласы таңдалғандықтан - аталған іс шара Маңғыстау облысы әкімдігімен бірлесе ұйымдастыру жоспарланып отыр.



Сұқбаттасқан
Айжан Табаракқызы

САНЖАР ТӘТІБЕКОВ,
«Талап» КЕАҚ басшысы



Басты мақсатымыз – тек білім саласын ғана емес,
жұмыс берушілер мен бизнес өкілдерін де қамту

”

Санжар Мейірханұлы, елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» жарияланып күн тәртібіндегі іс шаралар мен ауқымды жұмыстар басталып та кеткеніне куәміз. Бұл жылдың жемісті нәтижесі ретінде ертеңімізден қандай өзгерістер күтуге болады?

Сұрағыңызға рақмет! Әуелі «Жұмысшы мамандықтар жылы» еліміздегі жалпы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне бір үлкен серпін береді деген сенім бар. Биыл жүргізілетін реформалар мен бастамалар көп, алдағы уақытта да еңбек нарығына да үлкен оң әсерін тигізеді деген ойдамыз. Енді ең басты күтілетін нәтижелер бұл біріншіден біз «Жұмысшы мамандар жылында» 70-тен аса іс-шара болатын болса, соның жиырмаға жуығы бұл Оқу-ағарту министрлігіне қарасты, сондықтан да ең басты күтілетін нәтиже - трансформация оң әсерін тигізу керек. Сондай-ақ, білім стандарттарына өзгеріс енгізу. Білім беру бағдарламаларында белгілі бір оң әсерін тигізіп жатқан жұмыс берушілер мен колледждердің арасында байланыс бар. Бірақ

білім бағдарламаларын қай жағынан өзгертеміз дегенде, бұл біріншіден халықаралық стандарттарға негізделген білім беру мазмұнын өзгерту. Бұл ретте салалық бағалаудан өтуіміз керек. Біздің бұдан тәжірибеміз бар. Мысалы, біздің АРЕС Петротехник колледжінде ACCR құрылыс саласындағы салалық аккредитация енгізілген, Ақтөбе облысындағы Хромтау колледжінде энергетика саласында халықаралық стандарт енгізілген. Сонымен қатар Талдықорған Жоғары техникалық колледжде де осы халықаралық стандарттар енгізілген, яғни бұндай халықаралық стандарттарды енгізу арқылы білім мазмұнына жаңа серпін беруге болады. Жұмыс берушінің талабын халықаралық деңгейге көтеріп, осы бағытта белгілі жұмыстар жүргізіп, жұмысшы мамандықтарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бұл біздің тағы бір бағытымыз. Бұл ретте белгілі бір оңтайлы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Енді түлектердің халықаралық және ұлттық деңгейде мойындалуы үшін бізде «WorldSkills» стандарттары енгізілген. Ол дегеніміз Халықаралық деңгейде ұйымдастырылатын кәсіби шеберлік чемпионаты. 2015 жылдан

бастап Қазақстанда ұйымдастырылып келе жатыр. Енді «WorldSkills» біздің ұлттық біліктілік жүйесін қайта қарауға негіз болды. Мұның аясында біраз жұмыстар жүргізіліп Қазақстан әлемдік деңгейде чемпионаттарға қатысып жақсы орындар көрсетіп жатыр. Дегенмен де біз мынау бәсеке қабілеттілікті тағы да аттырамыз деген мақсатта «Жұмысшылар жылына» түркі тілдес елдердің арасында алғашқы рет алғашқы чемпионат өткізгіміз келіп отыр. Ондағы мақсатымыз Түркі тілдес елдердің арасындағы бәсекеге қабілеттілігін анықтау, инвесторларды тарту. Мынау Орталық Техникалық және кәсіптік білім берудің үлкен хабына айналуыды көздейміз.

Ал биыл, «Талап» КЕАҚ тарапынан қандай жұмыстар жоспарланып отыр?

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында өткізілетін барлық іс-шараларда «Талап» ұйымы Оқу-ағарту министрінің тапсырмасымен негізгі жобаларды атқарады. Бұған дейін айтқанымдай, білім беру бағдарламаларын жаңарту – басты назарда. Сонымен қатар, «TurkishSkills» чемпионатын ұйымдастыру, кәсіптік және техникалық білім беру жүйесі педагогтарының біліктілігін арттыру, жалпы практикалық даярлауға ерекше көңіл бөлу жоспарлануда. Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде өткізілетін курс-

тар тек аудиториялық сабақтармен шектелмеуі керек. Біз өндіріс орындарында тағылымдамалар ұйымдастырып, педагогтар мен студенттердің практикалық дағдыларын жетілдіруіне жағдай жасауымыз қажет. Бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Әрине, кәсіби бағдар беру жұмыстарысыз бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау қиын. Осы себепті кәсіби бағдар беруге ерекше көңіл бөлінеді. Қазіргі уақытта Еңбек министрлігіне қарасты CRTR ұйымының «Мансап компас» бағдарламасы жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар, «Жұмысшы мамандықтар атласы» аясында 9 өңірдің өңірлік картасы әзірленді, ал қалған өңірлерде бұл жұмыс әлі жалғасуда. Оқу-ағарту министрлігі аясында Алтынсарин академиясы «Маман» атты кәсіби бағдар беретін платформаны жүзеге асырып жатыр. Біз «Мансап компасы», «Жаңа мамандықтар атласы» және «Маман» платформаларының жұмыстары бір-бірімен үйлестіріліп, колледж студенттері мен мектеп оқушылары үшін кеңінен енгізілуіне атсалысуымыз керек. Өйткені кәсіби бағдар беру – негізгі басым бағыттардың бірі. Сондай-ақ, дуалды оқыту жүйесі жұмыс берушілермен тығыз



байланысты нығайтуға бағытталған. «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Allur және ERC компаниялары бірлесіп, Қостанай қаласында Allur компаниясының базасында халықаралық дуалды оқыту орталығын ашуды жоспарлап отыр. Біздің негізгі міндетіміз – осы жобаларға әдістемелік көмек көрсету және жұмыс берушілер мен колледждер арасындағы байланысты нығайту. Колледждерге қолдау көрсетудің тағы бір маңызды құралы – шефство институты. Қазіргі таңда 400-ден астам колледжге 500-ге жуық кәсіпорын қамқорлық көрсетуде. Біз Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасымен бұл көрсеткішті арттыруымыз қажет. Жоспар бойынша, 4000 кәсіпорын колледждерге қамқорлық жасауы тиіс. Бұл – ауқымды жоба, және ол қазірдің өзінде жүзеге асырылуда.

Колледждер әрбір мамандығына қамқорлық алатындай деңгейге жетуі үшін оларға әдістемелік қолдау көрсетуіміз керек. Шефствоның басты мақсаты – колледждер мен жұмыс берушілер арасындағы байланысты нығайту. Сонымен қатар, колледж-

дердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, инфрақұрылымын жақсартуға және сапалы маман даярлауға көмектесуіміз қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар әрі қарай да жалғасады.

Сіздің зерттеуіңіз бойынша қазіргі таңда қандай жұмысшы мамандықтары трансформацияға ұшырайды?

«Талап» ұйымы жеке зерттеулер жүргізбейді, бірақ бұл бағыттағы жұмыстар мүдделі тараптармен бірлесе жүзеге асырылады. «Жаңа мамандықтар атласы» аясында және кәсіпорындармен жүргізілген талқылаулар нәтижесінде, сондай-ақ CRTR зерттеулері арқылы нарықтағы жұмысшы мамандықтарының қазіргі деңгейін анықтау мақсатында белгілі бір сараптамалар жасалды. Әлемдік деңгейде «Future of Jobs 2025» атты халықаралық экономикалық форум аясында жүргізілген талдау мәліметтеріне сүйенсек, әлемдегі жұмыс берушілердің шамамен 60%-ы 2030 жылға дейін көптеген мамандықтар трансформацияға ұшы-



райды деп болжайды. Бұл үдеріс жасанды интеллекттің, цифрландырудың, робототехниканың және автоматтандырудың кеңінен енгізілуіне байланысты орын алуы мүмкін. Қазақстан да осы өзгерістерге дайын болуы тиіс. Өңірлік карталар негізінде трансформацияға ұшырайтын, жойылатын және жаңадан пайда болатын мамандықтар анықталуда. Жаңа мамандықтарға, мысалы, дрон операторлары, автоматтандырылған қондырғылар мен станоктарда жұмыс істейтін мамандар, жасанды интеллект пен робототехника арқылы басқарылатын операторлар жатады. Цифрландыру біздің өмірімізге терең енген сайын, жұмыс берушілер де бұл өзгерістерге икемделіп, бәсекеге қабілетті болуы қажет. Трансформацияға ұшырайтын мамандықтардың басым бөлігі жасанды интеллект пен робототехниканың әсеріне байланысты өзгеріске ұшырайды. Кейбір кәсіптерде цифрлық технологиялар қажет емес деп ойлауымыз мүмкін, мысалы, тігін өндірісі немесе аспаздық ісі. Алайда цифрлық дағдылардың енгізілуіне байланысты бұл салалар да өзгеруі мүмкін. Тіпті кондиционерлік, аспаздық ісінде де цифрландырудың қажеттілігі бар. 3D принтерлер арқылы тортты да жасайтын болады, яғни, бұрынғы бір фантастикалық, жалпы айтқан ойлар қазіргі таңда нақты түрде жүзеге асырылып жатыр деуге болады.

Қалай ойлайсыз, келешекте жұмысшы мамандар керек болмай қалуы мүмкін бе?

Жұмысшы мамандықтардың саны азаюы мүмкін. Сондықтан да біздің Қазақстан жаңа жұмыс орындарын ашуға, экономикамызға әсер етуіне үлкен бір септігін тигізу керек. Әрине, үкімет тарапынан белгілі жұмыстар атқарылып жатыр. Біз жұмысшы мамандықтары мүлдем жойылып кетеді деп айта алмаймыз. Себебі, жасанды интеллектіні де жасап жатқан адам баласы болғандықтан, адами дағдылар мен білім әрқашан басты



рөл атқарады. Сондықтан, жұмысшы мамандықтары әрдайым қажет болады, бірақ олар трансформацияға ұшырайды.

«Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалін өткіздіңіздер, нәтижесі қалай?

Ақпан айында біз үлкен фестиваль өткіздік. Оны «Жұмысшы мамандықтар фестивалі» деп атадық. Біздің басты мақсатымыз – тек білім саласын ғана емес, жұмыс берушілер мен бизнес өкілдерін де қамту. Сонымен қатар, мемлекет, оқу орындары және бизнестің өзара байланысын көрсету болды. Бұл модель әлемде «үштік спираль» деп аталады. Ол ғылыми шешімдер арқылы экономиканың дамуына ықпал ететін маңызды жұмыстарды қамтиды. Фестиваль аясында біз үлкен жұмыс атқарып, осы маңызды іс-шараны ұйымдастырдық. Оның басты мақсаты – мемлекет, білім беру ұйымдары және бизнес арасындағы байланысты көрсету ғана емес, бұл өзара іс-қимылдың жас буынға қалай әсер ететінін көрсету болды. Яғни, жастар осы байланыстан қандай мүмкіндік ала алады? Фестиваль ақпан айының ортасында өтті және бес күн ішінде оған 30 мыңнан астам мектеп оқушысы қатысты. Сонымен қатар, 10 мыңнан аса азамат іс-шараны тамашалап, өздерін қызықтырған салалармен танысуға мүмкіндік алды. Біз жұмысшы мамандықтарын әртүрлі бағыттар бойынша дәріптедік. Атап айтқанда: тау-кен өндірісі, металлургия, аграрлық сек-

тор, су шаруашылығы, машина жасау, көлік, құрылыс, энергетика, байланыс, туризм, қызмет көрсету салалары. Сонымен қатар, болашақтың жаңа мамандықтары да таныстырылды. «Самұрық-Қазына» қоры энергетика мен байланыс саласындағы маңызды жобаларын ұсынды. Біз осы саладағы мамандықтардың болашағы мен мүмкіндіктерін көрсете алдық. Фестиваль аясында құрылыс, машина жасау және өндіріс секторларының даму перспективалары кеңінен таныстырылды. Сондай-ақ, медицина және төтенше жағдайлар (ТЖ) қызметтері бойынша арнайы алаңдар ұйымдастырылып, осы бағыттағы мамандықтар насихатталды. Бастысы бұл фестиваль басқа чемпионаттар мен іс-шаралардан ерекше форматта өтті – ол иммерсивті түрде ұйымдастырылды. Яғни, әрбір келуші мен қатысушы мамандықтарды тек көріп қана қоймай, оларды сезініп, өз тәжірибесінен өткізуге мүмкіндік алды. Бұл жай ғана көрме емес, нағыз тәжірибелік алаң болды. Фестивальге келгендер әртүрлі мамандықтарда қолданылатын қондырғыларды, симуляторлар мен тренажерларды өздері пайдаланып көрді. Осылайша, қатысушылар жұмысшы мамандықтарының мәнін толықтай сезіне алды, бұл олар үшін кәсіби бағдар берудің жаңа, әсерлі форматы болды. Мектеп оқушылары – болашақ мамандар. Олар фестиваль барысында мамандықтарды тек тамашалап қоймай, өздері тәжірибеден өткізді. Сонымен қатар, сол саладағы кәсіби мамандар өз машықтарын көрсетіп, шеберліктерін демонстрациялады. Фестиваль аясында үлкен интерактивті мастер-класстар ұйымдастырылып, түрлі мамандық өкілдерімен кездесулер өтті. Әрбір қатысушы мамандықтардың ерекшеліктерін өз көзімен көріп, өз қолымен сынап көрді. Біз бұл фестивальді «Жұмысшы мамандықтар қалашығы» ретінде ұйымдастырдық. Болашақтағы өндіріс пен кәсіптің қалай дамитынын, мамандардың қалай жұмыс істейтінін көрсете алдық. Жалпы, фестиваль аясында 200-ден астам мамандық танысты-

рылып, 100-ден аса колледж бен 100-ден астам бизнес және еңбек нарығының өкілдері қатысты. Барлығымыздың бірлескен жұмысы жастарға болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауға көмектесетін ауқымды алаңға айналды. Осы фестиваль аясында өңірлерде де түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды, оның ішінде жұмысшы мамандықтарын насихаттайтын фестивальдер мен мамандықтар шерулері өтті. Жақында мұндай шаралар Жамбыл, Ақмола және Түркістан облыстарында өткізілді, сондай-ақ басқа өңірлерде де жалғасуда. Бұл бастама өңірлердегі жұмысшы мамандықтарының дамуына үлкен ықпал ететін маңызды іс-шара болды. Бұл – жұмысшы мамандықтарына арналған алғашқы ауқымды іс-шаралардың бірі. Егер бұл фестиваль күрделі, жүйелі түрде өткен көрме форматына ие болса, алдағы уақытта мұндай жұмыстар жыл бойы жалғасып, кең ауқымда жүзеге асатын болады.

Жыл басында Қазақстанның 20 өңірінің колледждері мен оқу-әдістемелік кабинеттері үшін «2025 жылы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу» тақырыбында онлайн-семинарлар ұйымдастырғаныңызды білеміз, қандай мәселелер көтерілді, осы саладағы жаңалықтармен бөліссеңіз.

Жоғарыда айтып кеткенімдей бұның барлығы мазмұнға байланысты дүниелер. Білім беру бағдарламаларының тізімін жүргізу – жай ғана техникалық процесс емес, бұл үлкен жүйелі жұмыс. Біз академиялық дербестікті енгіздік, бүгінде елімізде 772 колледж бар, олардың әрқайсысы өз білім беру бағдарламаларын әзірлеп, жұмыс берушілермен бірлесіп жүзеге асыруда. Олар оқу бағдарламаларын үнемі жаңартып, еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіріп келеді. Дегенмен, бұл үдеріс әр колледждің өз бетінше жүзеге асыратын ісі ғана емес.

Ол үшін арнайы регистр – білім беру бағдарламаларының тізімдемесі бар. Қазіргі таңда бұл тізімдемеде 8 мыңға жуық оқу бағдарламасы тіркелген. Жұмыс берушілер мен басқа да мүдделі тараптар осы тізімдемені пайдалана отырып, қай колледжде қандай бағдарлама бар екенін көріп, қажетті ақпарат ала алады. Бұл еңбек нарығы мен білім беру саласының өзара үйлесімді жұмыс істеуіне серпін беретін маңызды құрал. Әрине, бұл тізімдеме білім туралы заңда көрсетілген. Бірақ біздің басты мақсатымыз – оның жай ғана мәліметтер базасы болып қалмауы. Бұл тізімдеме аясында колледждерге консультациялық қолдау көрсетіліп, білім беру мазмұнын жаңарту және жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізіледі. Осы жұмыстар аясында біз семинарлар мен тренингтер өткізіп, колледждерге әдістемелік көмек ұсынамыз. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады.

Өзіңіздің «Талап» КЕАҚ-қа қызметке келгеніңізге аз ғана уақыт өтсе де өзіндік жұмыс тәсіліңізді, ерекше ұйымдастырушылық қабілетіңізді көрсететін істеріңізге куәміз. Білім мен ғылым саласын ұштастырған қызметіңізде қандай арман-мақсатыңыз бар?

Біздің мақсатымыз – біреудің көзіне түсу немесе біреудің сөзіне еру емес, керісінше, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін жаңғырту мен модернизациялауға нақты

үлес қосу. Біз Қазақстан азаматы ретінде, мемлекеттік қызметкер және квазимемлекеттік сектор өкілі ретінде осы бағытқа ерекше назар аударамыз. Басты міндет – жас буынның жұмысшы мамандықтарын саналы түрде таңдап, еліміздің экономикасына оң әсерін тигізетін білікті азаматтар болып қалыптасуына жағдай жасау. Яғни, жастар тек білім алып қана қоймай, кәсіби дағдыларды меңгеріп, тәрбие мен құндылықтарды бойына сіңірсе, онда біздің жұмысымыздың нақты нәтижесі болады деп есептейміз.

Егер елімізде жоғары білікті жұмысшы мамандар даярланса, бұл колледждердің сапалы жұмысының көрінісі. Ал колледждердің дамуы – Оқу ағарту министрлігі мен біздің тарапымыздан атқарылған маңызды жұмыстардың нәтижесі. Сондықтан біз бұл бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыра береміз.

Әрине, бұл процестерге кері әсерін тигізетін факторлар да бар. Бірақ біздің басты міндетіміз – оң ықпал ететін факторларды күшейтіп, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру. Осы арқылы еліміздің экономикасына елеулі үлес қосатын, білікті азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеуге бар күшімізді саламыз. Негізгі мақсат – осы.



**Сұқбаттасқан
Ажар Қанатбекқызы**

ШЫҢҒЫС НҰРҒОЖАЕВ,
Талдықорған жоғары
политехникалық
колледжінің директоры



Біз бірқатар ірі компаниялармен өзара тиімді серіктестік орнатып, студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіру үшін шефтік қолдауды белсенді жүзеге асырып келеміз

Жұмысшы мамандықтар жылының колледж үшін маңызы қандай? Президенттің бұл бастамасы оқу орнының білім беру бағдарламаларына қандай өзгерістер әкелді?

Жұмысшы мамандықтар жылы – техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға ерек-

ше серпін берген маңызды мемлекеттік бастамалардың бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл бастамасы еліміздегі кәсіби білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған. Оның аясында жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру, олардың заманауи еңбек нарығындағы рөлін күшейту және дуалды оқыту жүйесін кеңейту көзделді.

Талдықорған жоғары политехникалық колледжі бұл бастаманы қолдай отырып, бірнеше маңызды жаңашылдықтарды енгізді:

- **Жаңа мамандықтар ашылды:** еңбек нарығында сұранысқа ие BIM-техник, дрон операторы, мехатроника сияқты мамандықтар оқу бағдарламасына енгізілді.
- **Халықаралық сертификаттау бағдарламалары енгізілді:** студенттерге NCCER (АҚШ) сертификаттауынан өту мүмкіндігі ұсынылды, бұл олардың Қазақстанда ғана емес, шетелде де жұмыс істеуіне жол ашады.
- **JetisuSkills павильоны** ашылады – студенттердің практикалық дағдыларын жетілдіруге, WorldSkills стандарттары бойынша білім алуға және кәсіби шеберліктерін шыңдауға арналған инновациялық алаң.
- **Материалдық-техникалық база жаңартылды:** зертханалар заманауи жабдықтармен толықтырылып, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған жаңа оқыту әдістері енгізілді.
- **Дуалды оқыту кеңейтілді:** колледж жергілікті және халықаралық компаниялармен тығыз байланыс орнатып, студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуін қамтамасыз етті.

Бұл өзгерістер студенттердің кәсіби деңгейін көтеріп, олардың бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына ықпал етуде.

Колледжде жұмысшы мамандықтарына деген сұранысты арттыру үшін қандай жаңа жобалар немесе ынталандыру шаралары қолға алынды?

Жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылықты арттыру мақсатында колледж бірнеше стратегиялық бастамаларды жүзеге асыруда:

- **Халықаралық серіктестік:** Қытайдың **EAVision Robotics** компаниясымен бірлесіп, агродрон операторларын даярлау бағдарламасы іске қосылды. Бұл жоба ауыл шаруашылығында дрондарды қолдану арқылы аграрлық секторды цифрландыруға бағытталған.
- **Кәсіби шеберлік байқаулары:** WorldSkills чемпионаттарына қатысу арқылы студенттер өз дағдыларын көрсетіп, жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатуда.
- **«Жас маман» жобасы:** колледж жаңа мамандықтар ашу және зертханаларды жаңарту үшін мемлекет тарапынан қаржыландырылатын осы жобаның белсенді қатысушысы болды.
- Колледж кәсіби бағдар беру жұмысын күшейту мақсатында **мектептер базасында профильдік сыныптар** ашуды қолға алды. Бұл оқушыларға мектеп қабырғасынан бастап техникалық және кәсіптік білім берудің негіздерін меңгеруге, өз болашақ мамандығын ерте анықтауға мүмкіндік береді.
- **Кәсіби бағдар жұмыстары:** мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында ашық есік күндері, өндіріс орындарына экскурсиялар ұйымдастырылды.
- 14 құзіреттілік бойынша **өңірлік құзіреттілік орталығын ашу**

Бұл шаралар жұмысшы мамандықтарының беделін көтеріп, жастардың кәсіби білім алуға деген ынтасын арттыруға көмектесуде.



Колледж түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 95%-ға жетеді екен. Бұл көрсеткішті одан әрі жақсарту үшін қандай қосымша қадамдар жасалып жатыр?

Жұмысқа орналасу көрсеткішін жақсарту үшін колледж мынадай стратегиялық бағыттарды ұстануда:

- **Халықаралық сертификаттау:** NCCER (АҚШ) бағдарламасын енгізу арқылы құрылыс саласындағы түлектердің біліктілігін арттыру. Бұл оларға халықаралық еңбек нарығында да сұранысқа ие болуға мүмкіндік береді.
- **Практикалық оқытуға басымдық:** колледжде дуалды оқыту жүйесі кеңейтіліп, студенттердің 60%-дан астамы оқу барысында өндірістік тәжірибеден өтеді. Бұл олардың жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.
- **Стартаптар мен кәсіпкерлікті дамыту:** студенттерге өз кәсібін ашуға қолдау көрсету мақсатында бизнес-инкубаторлар мен кәсіпкерлік курстары ұйымдастырылды.
- **Ірі серіктестермен оқу орталықтарын ашу:** білім беру сапасын арттыру және түлектерді еңбек нарығына даярлау мақсатында 1С, «Қазақтелеком», Cisco Academy, Dosti сияқты жетекші компаниялармен бірлесіп оқу орталықтарын ашуда.
- **Талдықорған жоғары политехникалық колледжі мен SES (Senior Expert Service) ұйымының бірлескен жобасы** оқыту сапасын жақсартып, цифрлық технологияларды тиімді енгізуге ықпал етті.

Бұл қадамдар түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуын қамтамасыз етеді.



«Жас маман» жобасының аясында жабдықталған зертханалар мен құзыреттілік орталықтары жұмысшы мамандықтарын таңдаған студенттерге қандай артықшылықтар беріп отыр?

«Жас маман» жобасы колледждің материалдық-техникалық базасын түбегейлі жаңартуға мүмкіндік берді. Жоба аясында:

- **Заманауи зертханалар жабдықталды:** IT және құрылыс бағыты бойынша материалдық техникалық база толықтай жаңартылды. Студенттер нақты өндірістік ортаға жақын жағдайларда тәжірибе жинақтай алады.
- **Практикалық дағдыларды дамытуға басымдық берілді:** білім алушылар жаңа жабдықтармен жұмыс істеп, біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік алды.
- **Өндірістік процестерге барынша жақындатылған білім беру жүйесін енгізіп,** студенттердің еңбек нарығына тез бейімделуіне жағдай жасалуда.

Нәтижесінде, колледж түлектері заманауи өндіріс орындарында бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуда.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстанда жұмысшы мамандықтарын дамыту үшін қандай ұсыныстар берер едіңіз?

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстанда жұмысшы мамандықтарын дамыту үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

- **Озық елдердің тәжірибесін енгізу** – Германия, Финляндия, Сингапур, Қытай, Оңтүстік Корея моделдерін зерттеу.
- **Халықаралық сертификаттау бағдарламаларын енгізу** – NCCER, Cisco сияқты халықаралық сертификаттар студенттердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.
- **Заманауи технологияларды енгізу** – робототехника, дрондар, BIM-технологиялар сияқты инновациялар жұмысшы мамандықтарының беделін көтеруге көмектеседі.
- **Мамандықтардың тартымдылығын арттыру** – жастар арасында кәсіптік білімді насихаттау үшін медиакампаниялар, кәсіптік бағдарлау бағдарламалары ұйымдастырылуы қажет.

Бұл шаралар жұмысшы мамандықтарының дамуына жаңа серпін береді.



Кәсіпорындармен серіктестік қалай жолға қойылған? Колледж студенттері үшін дуалды оқыту мен өндірістік тәжірибенің маңыздылығы қандай?

Талдықорған жоғары политехникалық колледжі жұмыс берушілермен тығыз серік-

тестік орнатып, студенттердің теориялық білімдерін нақты өндірісте тәжірибеден өткізуіне мүмкіндік береді. Бұл еңбек нарығының талаптарына сай білікті мамандар даярлаудың басты жолдарының бірі. Колледж бірнеше бағыт бойынша кәсіпорындармен әріптестік қарым-қатынас орнатады:

- **Дуалды оқыту жүйесі** – студенттер оқуын өндірістік тәжірибемен қатар алып жүреді.
- **Өндірістік тәжірибеден өту** – студенттер 1 курстан кәсіпорындарда тәжірибеден өтеді.
- **Кадрлар дайындау бойынша келісімдер** – колледж ірі кәсіпорындармен мамандарды оқыту және жұмысқа орналастыру туралы меморандумдар жасасады.
- **Кәсіпорын мамандарының дәрістері** – оқу орнына сала мамандары шақырылып, тәжірибелік сабақтар өткізіледі.
- **Жұмысқа орналастыру бағдарламалары** – түлектерге жұмыс берушілер тарапынан сұранысты қамтамасыз ету.
- **Оқытушылардың кәсіпорындарда тәжірибеден өтуі** – кәсіби біліктілігін арттырып, өндірістегі заманауи технологиялар мен үрдістерді оқу процесіне тиімді енгізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда колледж **«Қазақтелеком» АҚ, Microsoft, ESEDU, FRIEND of ASIA, EAVision Robotics, Dosti.kz, KOREA TELECOM ACADEMY** сынды 120-дан астам кәсіпорынмен келісім орнатқан.



Жалпы елімізде колледждерге шефтік (қамқорлық) жасау туралы Президент тапсырмасы бар ғой, сіздер қандай кәсіпорындармен тығыз жұмыс істейсіздер?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздегі колледждерге шефтік (қамқорлық) жасау туралы тапсырмасы – жұмысшы мамандықтарын дамытуға бағытталған

маңызды бастама. Бұл бастама жастарды еңбек нарығына бейімдеу үшін білім беру мекемелері мен кәсіпорындар арасындағы әріптестікті нығайтуға ықпал етеді.

Талдықорған жоғары политехникалық колледжі бірқатар ірі компаниялармен өзара тиімді серіктестік орнатып, студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіру үшін шефтік қолдауды белсенді жүзеге асырып келеді.

Қамқоршы кәсіпорындар мен серіктестер:

- **«Қазақтелеком» АҚ** – студенттерге IT, телекоммуникация және желілік технологиялар бойынша тәжірибе ұсынады.
- **АКБ «Кайнар»** – аккумулятор өндірісі, мехатроника бойынша мамандар даярлауда тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.
- **ТОО «Шымыр»** – құрылыс және өндіріс саласындағы мамандарды даярлауда тәжірибеден өткізуге көмектеседі.
- **ТОО «ТАТЭК»** – энергетика және электрмен жабдықтау бағытында студенттердің кәсіби машықтарын жетілдіруге қолдау көрсетеді.

Астанадағы Жұмысшы мамандар қаласы фестивалінде колледж студенттері өз дрондарын таныстырды. Бұл шарадан студенттер қандай тәжірибе жинады?

Астана қаласында өткен «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа колледж алаңын таныстырып, өздерінің инновациялық білім беру бағдарламаларын ұсындым. Колледждің басты ерекшелігі – еңбек нарығына қажетті жаңа мамандықтарды дайындау. Осы фестиваль аясында «Дрон операторы» мамандығы бойынша тәжірибелік шеберлік сабақтары өткізілді. Қатысушылар ұшқышсыз басқарылатын аппараттардың жұмысын іс жүзінде көріп, жаңа технологиялармен танысты.



Колледжде 2024 жылы ашылған «жас» мамандықтың бірі - «Ұшқышсыз ұшу аппараттарының операторы» мамандығы. Дрон құрастырушы студенттер мен түлектерінің жұмысқа орналасу немесе стартаптар ашу мүмкіндігі қандай?



«Ұшқышсыз ұшу аппараттарының операторы» мамандығы – Қазақстандағы жаңа және сұранысқа ие бағыттардың бірі. Бұл сала ауыл шаруашылығы, құрылыс, логистика, қауіпсіздік қызметі және экологиялық мониторинг сияқты көптеген салаларда қарқынды дамып келеді. Талдықорған жоғары политехникалық колледжі бұл мамандықты 2024 жылы ашып, заманауи зертханалармен жабдықталған оқу базасын құрды.

Түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндігі:

Колледждің бұл мамандық бойынша түлектері бірнеше бағытта жұмысқа орналаса алады:

- **Ауыл шаруашылығы саласы** – егістіктерді бақылау, зиянкестер мен ауруларды анықтау, тыңайтқыштар мен пестицидтерді дәлдікпен шашу.
- **Құрылыс және инженерия** – дрондар құрылыс алаңдарын бақылау, ғимараттардың 3D карталарын жасау, инфрақұрылымды қашықтан тексеру үшін қолданылады.
- **Экологиялық мониторинг** – орман өрті, су тасқыны сияқты табиғи апаттардың алдын алу және экожүйелердің жағдайын бақылау үшін дрондарды пайдалану.
- **Қауіпсіздік қызметтері** – құқық қорғау органдары мен жеке қауіпсіздік компаниялары дрондарды бақылау және қадағалау мақсатында қолданады.

Қазіргі таңда колледж «Қазақтелеком» АҚ және жергілікті фермерлік шаруашылықтармен келісімшарттар жасап, студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізу және жұмысқа орналастыру бойынша белсенді жұмыс атқаруда.



Колледжде дрон жасау және оларды қолдану бойынша жобаларды қаржыландыру немесе серіктестік келісімдер бар ма?


Иә, Талдықорған жоғары политехникалық колледжі дрон жасау және оларды әртүрлі салаларда қолдану бойынша бірнеше серіктестік келісімдер жасап, жобаларды қаржыландыру бағытында жұмыс істеп келеді.

Колледж дрон технологияларын дамыту үшін бірқатар отандық және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнатқан.

- **EAVision Robotics (Қытай)** – агродрондар саласында тәжірибе алмасу, студенттерді оқыту және тәжірибелік жұмыстар өткізу.
- **«Қазақтелеком» АҚ** – дрондарды байланыс жүйелерін қадағалау және инфрақұрылымдық бақылау мақсатында пайдалану.

BIM технигі мамандығы мен дрон технологияларын біріктіру арқылы қандай инновациялық жобалар әзірленуде?

Қазіргі таңда BIM технологиясы мен дрондарды біріктіру арқылы құрылыс саласындағы инновациялық жобалар қолға алынуда. Дрондар құрылыс алаңдарын бақылау, ақауларды анықтау және 3D модельдер жасау үшін қолданылады. Біздің студенттер бұл бағытта бірнеше пилоттық жобаларды әзірлеп, аймақтық құрылыс компанияларымен бірлесе жұмыс істеуде.



BIM (Building Information Modeling) техникі құрылыс жобаларын сандық форматта модельдеу және басқару бойынша маманданғанын білеміз. Олар ғимараттардың 3D модельдерін жасап, құрылыс процесін оңтайландыруға көмектеседі. Бұл мамандықтың құрылыс саласында алар орны қандай деп ойлайсыз?



BIM техниктері – құрылыс индустриясында инженерлер мен сәулетшілердің жұмысын жеңілдететін маңызды мамандар. Олар:

- **Ғимараттардың 3D модельдерін жасайды** – дәстүрлі сызбалардан гөрі нақты үшөлшемді модельдер құрылыс барысын айқын көрсетеді.
- **Құрылысты жоспарлау мен басқаруда көмек береді** – материалдар шығынын азайтып, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.
- **Жобаларды цифрлық форматта сақтауға және жаңартуға мүмкіндік береді** – бұл нысанды пайдалану кезінде де үлкен артықшылық береді.
- **Нысанды пайдалану және қызмет көрсету процестерін оңтайландырады** – ғимараттың бүкіл өмірлік циклінде техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы BIM технологиясының дамуы Колледж заманауи бағдарламалық қамтамасыз ету (Revit, AutoCAD, Navisworks) арқылы BIM мамандарын даярлайды, студенттер жергілікті құрылыс компанияларымен және мемлекеттік мекемелермен ынтымақтастықта тәжірибеден өтеді.





NCCER (АҚШ) орталығының құрылуы студенттер үшін қандай мүмкіндіктер ашты? Аталған сертификаттау орталығы туралы кеңірек айтып өтсеңіз. Сондай-ақ бұл орталық түлектердің халықаралық деңгейде жұмысқа орналасуына қалай әсер етуде?

Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде NCCER (National Center for Construction Education and Research) халықаралық сертификаттау орталығы құрылды. Бұл Қазақстанда құрылыс саласындағы мамандарды халықаралық стандарттарға сәйкес оқытуға мүмкіндік беретін алғашқы орталықтардың бірі.

CCER сертификаты арқылы ашылатын мүмкіндіктер:

- **Жоғары жалақы және мансаптық өсім** – NCCER сертификаты маманның кәсіби деңгейін растайды, бұл жұмыс берушілер үшін үлкен артықшылық.
- **Шетелде жұмысқа орналасу** – АҚШ, Канада, Еуропа және Таяу Шығыстағы құрылыс компаниялары NCCER сертификатталған мамандарды қабылдауға дайын.
- **Жетекші құрылыс компанияларымен әріптестік** – Түлектер NCCER сертификаты арқылы ірі халықаралық құрылыс жобаларына қатысуға мүмкіндік алады.
- **Инженерлік және техникалық дағдыларды дамыту** – Бағдарлама тек құрылыс емес, автоматтандыру, дәнекерлеу, сантехника, электр жүйелері және қауіпсіздік салаларын да қамтиды.
- **Шетелдік инвестициялық жобаларға қатысу** – NCCER сертификаты түлектерге халықаралық құрылыс және инфрақұрылымдық жобаларға қосылуға жол ашады.

Колледжде 50-ден астам студент NCCER сертификатын алды және олардың бірқатары еліміздің ірі құрылыс нысандарында, соның ішінде халықаралық жобаларда жұмыс істеп жатыр.

SES сарапшысы Матиас Гэнингпен бірлескен жоба қандай нәтижелер берді? Онлайн оқыту платформасы қазіргі уақытта қалай қолданылып жатыр?

Талдықорған жоғары политехникалық колледжі мен **SES (Senior Expert Service)** ұйымының бірлескен жобасы оқыту сапасын жақсартуға және цифрлық технологияларды енгізуге бағытталған. **Матиас Гэнинг**, тәжірибелі халықаралық сарапшы ретінде, колледж оқытушыларына **заманауи оқыту әдістерін енгізуге көмектесті**.

Жобаның негізгі нәтижелері:

- **Оқытушылардың біліктілігі артты** – жаңа педагогикалық әдістер мен халықаралық стандарттарға негізделген оқыту тәсілдері енгізілді.
- **Онлайн оқыту платформасы әзірленді** – студенттер мен оқытушыларға қашықтан білім алу мүмкіндігі кеңейтілді.

Қазіргі таңда **онлайн оқыту платформасы белсенді түрде қолданылады**. Ол **теориялық материалдарды өз бетімен оқуға, практикалық тапсырмалар орындауға және интерактивті сабақтарға қатысуға мүмкіндік береді**. Бұл бастама **студенттердің білім деңгейін арттырумен қатар, олардың еңбек нарығына бейімделуін жеңілдетеді**.



Колледж алдағы уақытта қандай жаңа халықаралық жобаларға қатысуды жоспарлап отыр?

Талдықорған жоғары политехникалық колледжі **халықаралық серіктестікті дамытуға ерекше көңіл бөледі. Білім беруді интернационалдандыру** – колледждің басым бағыттарының бірі. **Korea Telecom және Weifang Vocational College** сияқты халықаралық серіктестермен ынтымақтастық студенттердің жаһандық деңгейде білім алуына және кәсіби тәжірибе жинақтауына кең мүмкіндік береді.



Бұл ынтымақтастықтың негізгі артықшылықтары:

Шетелдік оқу бағдарламаларына қатысу

- Колледж студенттері **Корея және Қытай оқу орындарында тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысып**, заманауи білім мен дағдыларды меңгереді.
- **Weifang Vocational College** негізінде **өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігі қарастырылған**, бұл студенттерге Қытайдағы жаңа технологияларды игеруге жол ашады.
- **Korea Telecom-мен серіктестік – IT және телекоммуникация саласындағы жаңа мүмкіндіктер**
- **Korea Telecom** колледж студенттері үшін **ақпараттық технологиялар, киберқауіпсіздік және телекоммуникация** бағытында арнайы оқу курстарын ұсынады.
- Бұл серіктестік студенттерге **Кореяның технологиялық стандарттарын меңгеруге және халықаралық нарыққа шығуға көмектеседі.**



Сұқбаттасқан
Жанболат Шәкім

КОЛЛЕДЖДЕРГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕРКІНДІК КЕРЕК: №1095 ҚАУЛЫ МЕН 63-БАПТЫҢ ҚАЙШЫЛЫҒЫ



Қазақстанда техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесін жаңғырту – ел болашағына тікелей әсер ететін стратегиялық мәселе. Қазіргі таңда осы жүйенің ең өзекті түйткілі – колледждердің заңды түрде табыс табуына мүмкіндік бермейтін нормативтік-құқықтық қайшылықтар.

Бұл мәселе жаңадан шыққан жоқ – біз оны баяғыда бастадық

Алғаш рет бұл мәселе 2023 жылдың соңында Алматы қаласында өткен сараптамалық алаңда көтерілген болатын. Сол сәттен бастап бірнеше облыстың білім басқармалары, қоғамдық ұйымдар, ғылыми орталықтар мен мемлекеттік құрылымдар бұл бағытта біріге әрекет етіп келеді.

Құқықтық кедергілер: қайшылық неден шығады?

1. ҚР Үкіметінің 2011 жылғы №1095 қаулысы колледждерге тек шектеулі ақылы қызмет көрсетуге рұқсат береді. Бұл шағын өндіріс, қызмет көрсету, өнім шығару секілді нақты кәсіпкерлік бағыттағы жұмысты шектейді.





2. Кәсіпкерлік кодекстің 63-бабында мемлекеттік мекемелерге кәсіпкерлікпен айналысуға тікелей тыйым салынған. Бұл колледждердің заңды түрде қосымша табыс табуына мүмкіндік бермей отыр.

Мұндай қайшылықтар колледждерді өндірістік базаға емес, тек білім беретін «тұйық» мекеме ретінде ұстап отыр. Ал бүгінгі заман – жұмыс орнында оқытуды, іс жүзінде өнім шығаруды, білім мен бизнес арасындағы байланысты талап етеді.

Парламенттік қолдау:

Абзал Құспанның шешуші рөлі

Аталған мәселенің маңыздылығын түсініп, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, заңгер, қоғам белсендісі Абзал Құспан бірнеше сараптамалық жиынға қатысып, бұл мәселені заңнамалық деңгейде шешуге бастамашылық білдірді.

Ол қазіргі құқықтық базаның кемшіліктерін ашық көрсетіп, №1095 қаулы мен 63-бапқа нақты өзгерістер енгізу қажеттігін мәлімдеді. Сонымен қатар, Мәжіліс қабырғасында арнайы ұсыныс әзірлеуге және Үкіметке

ресми сауал жолдауға дайын екенін білдірді. Бұл – қоғамның үнін мемлекеттік деңгейге жеткізудің нақты үлгісі.

Саяси, қоғамдық және сараптамалық күштердің серіктестігі

Бұл бастаманың күші – әртүрлі сала өкілдерінің бірігуінде. Қазір бұл мәселені шешу бағытында жұмыс істеп жатқан құрылымдар:

- КЕАҚ «Талап»
- ҚР Оқу-ағарту министрлігі
- Институт парламентаризма
- ҰКП «Атамекен»
- Цифрлық құқық және жаһандық технологиялар ғылыми зерттеу институты
- «Аманат» және «Республика» партиялары бірнеше өңірлік білім басқармалары

2024 жылдың екінші жартысында аталған мәселені жүйелі түрде шешу мақсатында “Талап” коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Цифрлық құқық және жаһандық технологиялар ғылыми-зерттеу арасында меморандум жасалды.

Бұл меморандумның басты мақсаты:

- колледждерге монетизация тетігін енгізудің құқықтық базасын әзірлеу;
- №1095 қаулы мен Кәсіпкерлік кодексінің 63-бабына өзгерістер енгізу туралы нақты ұсыныстар дайындау;
- пилоттық аймақтарда колледждердің өзін-өзі қаржыландыру модельдерін сынақтан өткізу;
- осы мәселе бойынша Парламент пен Үкіметке бағытталған сараптамалық құжаттар пакетін әзірлеу.

Меморандум – тек ниет емес, бұл нақты іске бағытталған келісім. Осы құжат аясында біз барлық тараптардың міндеттемелерін айқындап, жобаның ұлттық деңгейге шығуына жол аштық.

Монетизация не үшін маңызды?

- Колледждің қаржылық еркіндігі сапаны арттырады. (Материалдық-техникалық база жаңарып, оқытушылар мен студенттерге жағдай жасалады.)
- Студент нақты өнім жасаушы тұлғаға айналады. (Бұл кәсіпке бейімдеу ғана емес, жұмыссыздықтың да алдын алу.)
- Бизнес пен колледж бірлесіп, жаңа мүмкіндіктер ашады. (Қоғамдық тапсырыс пен нарықтың қажеттілігін біріктіру арқылы нақты серіктестік туындайды.)

Қорытынды

Бүгінгі таңда колледждерге монетизация – табыстың емес, табысты реформаның кепілі. Бұл бастама қағаздағы білімнен өмірдегі кәсіпке көшудің жолы.

Кез келген өзгеріс — сөзден емес, нақты қадамнан басталады. Біз бұл қадамды баяғыда бастадық. Енді шешім қабылдайтын уақыт келді. Бұл шешім – №1095 қаулы мен Кәсіпкерлік кодексіндегі 63-бапқа түзету енгізу арқылы колледждерді толыққанды, заңды түрде табыс табатын, кәсіптік еркіндікке ие мекемеге айналдыру.

Елдос Айбеков,

*ҒЗИ директоры, «Кәсіп және бизнес негіздері»
ТЖКБ жүйесі үшін жазылған Оқу-әдістемелік кешен авторы,
ТЖКБ жүйесіндегі монетизация реформасының бастамашысы*



ЕҢБЕКТЕ ЕРГЕ ТӘН МЫҚТЫЛЫҚ: ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ



ЕЛДОС АЙБЕКОВ, ҒЗИ ДИРЕКТОРЫ, «КӘСІП ЖӘНЕ БИЗНЕС НЕГІЗДЕРІ» ТЖКБ ЖҮЙЕСІ ҮШІН ЖАЗЫЛҒАН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН АВТОРЫ, ТЖКБ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МОНЕТИЗАЦИЯ РЕФОРМАСЫНЫҢ БАСТАМАШЫСЫ

8 наурыз, халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында SteppeUp стратегиялық коммуникациялар агенттігі Қазақстандағы өнеркәсіп саласындағы әйелдердің жағдайына арналған зерттеу нәтижелерін жариялады.

Зерттеу еліміздің 14 өңірінде жүргізіліп, оған 2 115 өндіріс қызметкері мен 235 техникалық оқу орындарының студенттері қатысқан. Зерттеу деректері бойынша, өнеркәсіп саласында жұмыс істейтіндердің 31,7%-ын әйелдер құрайды. Әйелдердің білім деңгейі ерлермен тең болғанына қарамастан, олардың көбі мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Сондай-ақ, мансап пен отбасылық міндеттерді қатар алып жүру қажеттілігі әйелдерге қосымша қиындық тудыратыны анықталды.

Кездесу барысында саланың табысты әйел мамандары өз тәжірибелерімен бөлісіп, жастарды техникалық мамандықтарды таңдауға шақырды. Сарапшылар тарапынан өнеркәсіптегі әйелдерді қолдау үшін кәсіби бағдар беру, икемді жұмыс шарттарын жасау және тәлімгерлік бағдарламаларды дамыту қажеттігі айтылды.

Әдетте өнеркәсіп ерлердің басымдық танытатын саласы ретінде қабылданады.

Алайда, Қазақстанда бұл салада еңбек ететін әйелдердің саны артып келеді. Әйелдер геология, энергетика, тау-кен ісі және басқа да өндірістік салаларда табысты еңбек етіп, кәсіби жетістіктерге жетуде. Бұл мақалада қазақстандық әйелдердің өнеркәсіптегі рөлі, олардың жетістіктері мен кездесетін қиындықтары қарастырылады.

Өнеркәсіптегі әйелдердің қазіргі жағдайы қалай?

Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы мәліметіне сәйкес, өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін әйелдердің үлесі жалпы жұмыскерлердің 18%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш ерлерге қарағанда айтарлықтай төмен болғанымен, жыл сайын өсіп келеді. Әйелдер көбінесе есептеу, зерттеу және басқару жұмыстарында көбірек шоғырланған, бірақ ауыр өндірістік кәсіптерде де өзін көрсете бастады.

«Еңбастысы–өзорныңдытауып,оқуғажәне өзгерістерге дайын болу», деді ол. Өнеркәсіп саласындағы әйелдерге қолдау көрсету жолдары; Мақсатты білім беру стратегиясын дамыту: Мектептерде қыздар арасында инженерлік мамандықтарды насихаттау; Университеттер мен кәсіпорындардың ынтымақтастығын күшейту; Әйелдерге арналған техникалық білім беру гранттарын арттыру. Корпоративтік саясатты жетілдіру: Өнеркәсіптік компаниялар басшылығында

әйелдердің үлесін арттыру; Тең еңбекақы төлеу саясатын енгізу; Отбасы мен мансапты үйлестіруге мүмкіндік беретін икемді жұмыс кестесін қарастыру.

Мансапты дамыту және тәлімгерлік: Әйелдерге арналған өндірістік көшбасшылық бағдарламаларын дамыту; Жас мамандар үшін тәлімгерлік жүйесін енгізу; Декреттік демалыстан кейін қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу.

Қазақстан әйелдерінің табысы

ЖАМАЛ СЕРІКҚЫЗЫ – көрнекті ғалым, инженер және ұстаз. Ол техникалық мамандықтарды қыздар арасында насихаттауды маңызды міндет деп санайды. Оның жетекшілігімен көптеген студенттер сәтті мансап құрып, өнеркәсіпте қызмет етіп жүр.

«Қыздардың техникалық салаларға батыл қадам басуы үшін оларға үлгі қажет. Біз ғылым мен өндірісте гендерлік шектеу жоқ екенін көрсетуіміз керек», дейді Жамал Серікқызы.

Ол ғылым мен отбасын үйлестіруде үлкен тепе-теңдік тапты. Балаларын студенттік зерттеу жобаларына қатыстырып, демалыс күндерін отбасымен бірге өткізуді әдетке айналдырды. Оның жетістігі – ғылыми зерттеулерге қосқан үлесімен ғана емес, сонымен қатар болашақ буынға бағыт-бағдар беруімен де бағаланады.

Ал **Ольга Жидкина** – KEGOC компаниясында 6-разрядты қосалқы станцияны күтіп-ұстау бойынша кезекші электромонтер. Ол энергетика саласында 27 жылдық тәжірибеге ие, қарапайым электрослесарьдан кәсіпорындағы негізгі мамандардың біріне дейін көтерілді.

Ольга өзінің кәсібін тұрақтылық пен сұранысқа ие болуына байланысты таңдаған. Ол кен жабдықтарын жөндеу жөніндегі мамандық бойынша оқып, кейін энергетика саласына ауысты. Өзінің кәсіби өмірінде ондаған біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, жаңа технологияларды меңгерді.

«Егер адам өз ісін жетік білсе, оның жынысы маңызды емес», дейді Ольга Жидкина.

Оның тәжірибесі көрсеткендей, өндіріс саласында әйелдерге мансап құру қиынырақ, себебі физикалық жүктеме мен тұрмыстық міндеттер қатар жүреді. Дегенмен, ол өзінің мансабын ешқашан өзгерткісі келмеген.





Алуа Қаржаубаева – жас геолог, бірнеше жыл ішінде қарапайым техник-геологтан ресурс геологына дейін көтерілген. Қазақстанда геология саласындағы әйелдердің көбеюін қолдап, бұл салаға қыздарды тартуды мақсат етеді.




Шолпан Тулемисова – Тау-кен инженері, еңбек жолын еден жуушыдан бастап, табандылығы мен білімі арқылы инженерлік қызметке көтерілген. Әйелдердің тау-кен саласында да табысқа жете алатынын дәлелдеді.



Алия Бакаева – токарь, «Еңбек ардагері» медалінің иегері. Бастапқыда мұғалім болып жұмыс істеп, кейін зауытқа қоймашы ретінде келді. Токарлық іске қызығып, кәсібін меңгерді. Отбасының асыраушысы ретінде жұмысын жалғастырып, әріптестері арасында құрметке ие болды. Бүгінде еңбекқорлығы мен табандылығымен үлгі болуда.

Валентина Макухина – Дөң ТБК-нің байыту жөніндегі директоры. Кәсібін конвейер машинисті ретінде бастап, жүздеген адамды басқаратын жетекшіге айналды. Гендерлік стереотиптерге мән бермейді, бастысы – кәсібилік пен нәтижелілік. Ана мен мансапты үйлестіріп, өнеркәсіпте әйелдерге шектеу жоқ екенін дәлелдеді.




Татьяна Кульчитская – ССТБӨБ-де 30 жыл еңбек еткен маман. Зертханашы болып бастап, зерттеу жұмыстары бойынша сарапшы-талдаушы қызметіне дейін көтерілді. Кәсіби дамуға ұмтылып, жаңа идеялар ұсынып, жастарды қолдайды. Өнеркәсіпте әйелдер табысты бола алады деп сенеді.

Фатима Галямова – 30 жылдан астам тәжірибесі бар энергетик. Павлодарда туып-өскен, мансабын электрмен жабдықтау саласында бастап, кейін 12 жыл бойы қосалқы станцияларда электромонтер болып қызмет етті. Отбасы мен жұмысты қатар алып жүріп, энергетикаға деген сүйіспеншілігін сақтап қалды. Гендерлік кедергілерге сенбейді, бірақ техникалық мамандықтарға қыздардың қызығушылығын арттыру қажет деп есептейді.



Надия Хусаинова – Ағылшын тілі мұғалімі мамандығынан өнеркәсіптік кәсіпорын операторы қызметіне ауысып, еңбек жағдайын жақсартуға үлес қосқан. Әйелдердің тек жұмыс істеп қана қоймай, өндірісте өзгеріс енгізе алатынын көрсетті.

Жамал Серікқызы – ҚБТУ профессоры, геология ғылымдарының докторы. Ғылым мен техникалық салаларда әйелдердің рөлін нығайтып, болашақ мамандарды тәрбиелеуге атсалысып келеді.



Марина Гладкова – «Қазақмыс» компаниясында қорлар жөніндегі бас геологтың орынбасары. Ол 21 жыл бойы геология саласында еңбек етіп, учаскелік геологтан бастап басшылық қызметке дейін өсті. Марина тау-кен саласын анасының ықпалымен таңдаған. Оның пікірінше, шахтада ер адамдарға көбірек мүмкіндік берілгенімен, әйелдер де есептеулер, маркшейдерлік және геология салаларында табысты жұмыс істей алады.

Өнеркәсіп саласындағы әйелдерді қолдауға арналған Қазақстандағы бағдарламалар

Eurasian Resources Group (ERG)

- **Дағдарыс орталықтарын қолдау:** қиын өмірлік жағдайға тап болған әйелдерге көмек.
- **Білім беру бағдарламалары:** Хромтау қаласындағы әйелдер мен жасөспірімдерге арналған курстар, STEM Girls жобасы.
- **Әйелдер кәсіпкерлігі:** қаржылық және консультациялық көмек.
- **Әйелдер көшбасшылығын дамыту:** компания жұмыс істейтін аймақтарда жыл сайынғы Asyl Jandar әйелдер форумы.

Қазақмыс

- Қызметкерлердің 27% әйелдер құрайды, бұл тау-кен металлургия өнеркәсібіндегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі.
- Мансаптық өсу үшін тәлімгерлік және оқыту бағдарламалары.
- Әйелдерді техникалық мамандықтарда дамыту бойынша түркі елдерімен бірлескен бастамалар.

KEGOC

- Әлеуметтік қолдау: жүктілікке байланысты жәрдемақы, ақылы еңбек демалысы.
- Қызметкерлерді дамыту: оқыту және көшбасшылықты дамыту бағдарламалары.
- Гендерлік инклюзивтілік: Азия даму банкімен бірлескен жұмыс.

RG Gold

- Әйелдер компания қызметкерлерінің 10% құрайды.
- Әлеуметтік төлемдер: қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру, материалдық көмек.

- Оқыту және дамыту: тіл курстары, білім беру гранттары.
- Кемсітушілікке қарсы тұру: алымсақтыққа қарсы саясат және мансаптың тең мүмкіндіктері.

Зерттеу бойынша қысқаша түйіндер және негізгі ұсыныстар

- **Өндірістегі әйелдерді қолдау оқытуды, мансаптық өсуді және әлеуметтік қорғауды біріктіріп, кешенді болуы керек.**
- **Табысты мысалдарды насихаттау керек** – STEM және өнеркәсіптегі әйелдердің үлгілері болашақ ұрпақты шабыттандыру үшін маңызды.
- **Жұмыс берушілер студент қыздармен белсендірек араласуы керек** – тағылымдамалар, өндірістік практика және тәлімгерлік әйелдердің техникалық кәсіптерге қатысуын арттыруға көмектеседі.
- **Икемді еңбек жағдайлары әйелдерді тартуға көмектеседі** – work-life balance енгізу олардың мансаптық мүмкіндіктерін арттырады.

Қорыта айтқанда Өнеркәсіптегі әйелдер санының артуы – тек теңдік мәселесі ғана емес, сонымен қатар экономикалық даму үшін маңызды фактор. Гендерлік әртүрлілік жоғары командалар тиімді шешімдер қабылдайды, ал инклюзивті компаниялар көбірек таланттарды тарта алады. Елімізде өнеркәсіптік салада әйелдердің рөлі артып келе жатқанымен, олар әлі де бірқатар қиындықтарға тап болуда. Жүйелі қолдау шаралары арқылы әйелдердің осы салада өзін-өзі көрсетуіне жағдай жасау – экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың бір жолы.



Дайындаған:
Ажар Ерболған

КОЛЛЕДЖДЕРДІҢ БЕДЕЛІН АРТТЫРУЫМЫЗ КЕРЕК

ШОЛПАН КАРИНОВА



Әлемде жұмысшы мамандықтарының маңызы артып келеді. Технологияның дамуы мен өндірістің күрделенуі білікті мамандарға деген сұранысты күшейтіп, еңбек нарығындағы жаңа талаптарды қалыптастыруда. Әсіресе, елімізде құрылыс, өндіріс, ауыл шаруашылығы, көлік және қызмет көрсету салаларында еңбек ететін жұмысшы мамандықтары экономиканың негізін құрайды. Мәселен, инновациялық технологиялардың дамуы кейбір кәсіптердің автоматтандырылуына ықпал етсе, жаңа өндіріс орындарының ашылуы белгілі бір мамандықтарға сұранысты арттырады. Сондықтан қоғамда жұмысшы мамандықтарының рөліне баға беріп, олардың дамуына ықпал ету – өзекті мәселелердің бірі. Осы орайда біз «Аманат» партиясының хатшысы Каримова Шолпан Таңатқызымен сұқбаттасқан едік.

– Шолпан Таңатқызы, мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Бұған еліміздегі жұмысшы мамандықтарды насихаттап, халық арасында кәсіптік-техникалық мамандықты игермін дейтін жастардың қатарын арттыру, экономикамызға қажет білікті кадрларды дайындау себеп болып отыр. Осы мақсатта биыл мемлекет тарапынан, қоғамдық ұйымдар тарапынан іргелі жұмыстар жасалатыны белгілі. «Аманат» партиясы осы орайда қандай жұмыстарды қолға алды?

– Мен бұл мәселеге тереңірек тоқтайын. 16 наурызда Қ.Тоқаевтың президенттігінің нақты үш жылдығы. Осы аралықта президенттің қоғам назарын жұмысшы мамандықтарына қарай бұруы – оған дейінгі осы салаға енгізіп келе жатқан жаңашылдықтардың қорытындысы деп айтар едім. Өйткені осыған дейін президент халыққа жолдауында кәсіптік-техникалық білім беретін ұйымдарға қатысты көп тапсырмалар берген еді. Соның бірнешеуіне тоқталсам. Президент жұмысшы мамандарды дайындаудағы колледждердің маңызды-

лығына тоқтай отырып, барлық колледждің қасына мықты бизнес бойынша шефтік (қамқорлық) тапсырма берген. Сол кездің өзінде колледждерде нарықтың сұранысына, жұмыс берушінің талабына бағытталып жұмыс істейтін алғашқы қадам жасалды. Қазір елімізде 700-ден аса колледж бар, соның 450-ден астамы мемлекеттік колледж. Осы мемлекеттік колледждердің ең жақсы жұмыс істеп келе жатқаны қайсысы десек, олардың қасында дуальды оқытуға байланысты серіктестері бар колледждер. Көбіне әлеуетті жұмыс берушілер, яғни кәсіпорындар осы колледждермен тығыз қарым-қатынасқа құлшыныс танытқан жоқ. Өйткені олардың колледж маманды дұрыс дайындамайды деген стереотиптері бар. Президентірі кәсіпорындар колледждермен қарым-қатынас жасап, көмектессін, өздеріне қажет мамандарды дайындасын деген тапсырмасынан кейін үлкен қозғалыс басталды, яғни кәсіпорындар колледждерге қарай бұрыла бастады. Міне, бұл алғашқы қадам еді.

Президенттің одан кейінгі екінші тапсырмасы – колледждерге академиялық дербестік беру. Ол заң, менің әлі есімде, 2021 жылы шықты. Заң жобасының дайындалуына Оқу-ағарту министрлігі бастама көтеріп, мен жұмыс тобын басқарғанмын. Колледждерге

академиялық дербестік не үшін керек болды? 2021 жылға дейін колледждердің оқу бағдарламаларын толығымен қазіргі Оқу-ағарту министрлігі бекітіп беретін. Еңбек нарығы, жұмысшыға қойылатын талаптар күнбе-күн өзгеріп жатқанда барлығы бір министрліктің бұйрығын күтіп отыруы – заман көшінен қалдыратын ескі жол. Бұл – бір. Екіншісі, бізде өңіраралық дисбаланс бар. Әр өңірдің өндірісі де, кәсіпорындары да әртүрлі. Соған сай әр өңірдің сұранысқа қатысты қажеттілігі бар. Міне, осы жағын ескеру өте қиын болатын. Өйткені типтік оқу бағдарламаларымен жұмыс істейтін. Президент тапсырмасынан кейін академиялық дербестік беру жолында маңызды үш қадам жасалды. Біріншісі, оқу бағдарламаларын бұдан былай әр колледж жұмыс берушімен ынтымақтаса отырып дайындайды. Ал жалпы мамандықтар бойынша барлық салалық министрлік өздерінің жұмыс функциялары арқылы кәсіптік стандарттарын бекітіп беретін болды. Осылайша колледждердің қолында әрбір министрліктің бекітіп берген кәсіби стандарты болды. Әр колледж мемлекеттік стандартты негізге ала отырып, сонымен қатар кәсіпорын талабына сай келетін оқу бағдарламасын өздері жазып бастады. Бұл – бір. Екіншісі, оқу мерзімін бұрын Оқу-ағарту министрлігі бекітетін. 2021 жылы



заңдарға өзгеріс енгізілгеннен кейін әрбір колледждің ұжымы жұмыс берушімен бірге тиісті мамандыққа бағдарламаны дайындап, оның оқитын мерзімін де анықтайтын құзыретке ие болды. Үшіншісі, бір мамандықты оқу арқылы үш біліктілікті алу мүмкіндігі жасалды. Егер студент бір ғана құзыретті алып шығамын десе, оның оқу мерзімі, әрине, қысқа болады. Үш біліктілікті алып шығамын десе, сәйкесінше, оның оқу мерзімі де ұзарады.

Президенттің осы тапсырмаларының негізінде «ҚР Білім туралы» заңына, басқа да заңдарға тиісті өзгерістер енгізіліп, 2022 жылдан бастап осы нормалардың барлығы жұмыс істеп тұр.

Міне, бұл Президентіміздің 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялағанға дейін жасаған істері еді. Енді әрі қарай еңбек адамын, жұмысшы мамандықтарын насихаттау жағына көбірек көңіл бөлуіміз керек.

«Аманат» партиясы осы бағытта қандай жұмыстар жасап жатыр дегенге тоқталсам. «Аманат» – Парламент Мәжілісіндегі басым мандатқа ие партия. Сондықтан депутаттар заңға өзгерістер енгізу бойынша үлкен жұмыстарды қолға алды. Биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында тағы бір пакет өзгерістер енгізіледі. Соның ішіндегі басты-бастыларын атап өтейін. Қазір азаматтарымыз еңбек нарығына тезірек қосылғысы келеді, әсіресе, жастар. Олар қаражат тауып, өзін қамтамасыз етуді қалайды. Жоғары сынып оқушылары да жұмыс істеп, ақша тауып жүрген мысалдар жетерлік. Еңбекпен тапқан нан тәтті демекші, мұны жақсы үрдіс деп есептеймін. Балалар оқуға да, біліктілігін арттыруға да құштар. Түрлі курстар бар, онлайн-оффлайн. Яғни, олар өз құзыреттерін арттырып жатыр. Міне, осыған жауап ретінде біз тиісті өзгерістерді енгізуіміз керек. Қазір «Аманат» депутаттары бір заң жобасын қолға алды. Егер 10-11 сынып оқушысы оқи жүріп жұмысшы мамандығын игергісі

келсе, оларға сондай мүмкіндік беріледі. Әрине, баланың ата-анасы не заңды өкілі келісім беруі керек. Колледждер оларды мектептен тыс басқа уақытта оқыта алады. Колледждердің оқу бағдарламаларында бір біліктілікті алып шығу 60 кредиттен тұрады, яғни мектептің жоғары сынып оқушылары осы мүмкіндікті пайдалана алады. Оны оқытудың бағдарламасы да дайын. Яғни, бала мектепті бітіріп, аттестатын алғанда, оған біліктілік туралы колледж куәлігі қатар беріледі. «Аманат» депутаттары осы норма бойынша қызу жұмыс істеп жатыр.

«Аманат» депутаттары қолға алған тағы бір жұмыс – колледждердің қаржылық дербестігі мәселесі. Сөз басында айтқан Қазақстандағы 700-ден аса колледждің өзін-өзі қаржыландыру мүмкіндігі бар. Өйткені олардың кәсіпорынмен байланысы бар, шеберханалары бар. «Жасмаман» жобасының аясында заман талабына сай құрылғылар алынды. Сондықтан колледждердің қаржылық дербестігі өздеріне де тиімді, республикалық бюджетке де тиімді. Әрине, колледждің өзін дамытуға арналған белгілі бір қомақты қаражаты болуы керек. Қазір сол мүмкіндік онша болыңқырамай тұр. «ҚР Білім туралы» заңында рұқсат етілген, бірақ «Кәсіпкерлік кодексінің» кейбір нормаларына қайшы келіп тұрған тұстары бар. Қазір бұл мәселені шешумен айналысып жатырмыз. Колледждер өзін-өзі қаржыландыратын жағдайға жетсе, онда бұл, біріншіден, колледждің өзіне тиімді, студенттеріне, мұғалімдеріне көмектеседі. Өйткені колледж неғұрлым заманауи жабдықтармен жабдықталған, кірген адамның көзін тартар көрікті болса, оған соғұрлым жастарды да көбірек тартады. Міне, осы жағынан бұл өте қажет норма. Егер мемлекеттік органдар осы нормаларды қабылдап, мәселені шешіп берсе, колледждерге академиялық дербестікке қоса қаржылық дербестік беріледі. Сонда биылғы «Жұмысшы жылында» колледждерге жасалған үлкен қамқорлық болар еді деп ойлаймын.

– Шолпан Таңатқызы, сананы тұрмыс билейді, өзіңіз де жоғары сынып оқушылары егер жұмысшы мамандықты мектепте оқып жүріп игергісі келсе, оған қолдау білдіруіміз керек деп айтып отырсыз. Жоғары сынып оқушылары еңбек нарығындағы өзгерістерді көзбен көріп, оның үстіне отбасына көмектесу мақсатында жұмысшы мамандықтарына бет бұрып жатса, құба-құп қой. Алайда жұмысшы мамандық иелері дегенде көпшіліктің көз алдына май сіңген комбинезон мен суық күнде мұз құрсанып жүрген мамандық иелері елестейді. Жұмысшы мамандық иелерінің әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілуі қалай? Жалақыларын көбейтіп, медициналық сақтандыру, тұрғын үй, балаларына балабақшадан орын алуына мемлекеттік кезекке тұруға жағдайлар жасау «Аманат» партиясы тарапынан қаншалықты қолдау табуда?

– «Аманат» партиясында бұл мәселе көтеріліп жатыр. Бұл, шынымен, әлеуметтік жағынан аз қорғалған санатқа жатады. Жалақылары да еңбек нарығында төмен, оған бір жағынан маманның кәсіби біліктілігі де әсер етуі мүмкін. Еден жуушы, аула сыпырушы, дәнекерлеуші, сантехниктердің жалақысын көтеру жайын «аманаттық» депутаттар көтерді. Мәжіліспен Жұлдыз Сүлейменова депутаттық сауалында осы мәселені Үкіметке жеткізді. Олардың базалық еңбекақысын көтеру мәселесі осы «Жұмысшы мамандықтар» жылында шешіледі деп ойлаймын. Басқа да әлеуметтік қолдауға келер болсақ, көп жағдайда жұмыс берушіге қатысты мәселе бар. Қоғам болып осы сұрақты көтеруіміз керек сияқты. Осы мәселе кәсіпорындардың өз ішінде де ұжымдық келісімшарт негізінде ішінара шешіліп те жатыр. Алайда ол қоғамда жаппай көрініс таппағаннан кейін көпшіліктің білмеуі заңдылық. Ауылшаруашылығы саласында жұмыс істейтін жұмысшылар көктемгі егіс пен күзгі орақ кезінде қызу жұмыс істейді. Қыс мезгілінде көпшілігі үйде болады. Соларды түрлі шипажайға, емдік іс-



шаралар қамтылған орындарға жолдамамен жіберу жағын да ойластыруымыз керек.

Бұл ретте кәсіподақтардың да жұмысына тоқталып өтсем. «Аманат» партиясы былтыр еліміздегі кәсіподақ ұйымдарының басын қосып, кеңесті. Өйткені кәсіподақтар көп мәселені шеше алады. Еңбек қатынастарында ұжымдарда кәсіподақтардың атқаратын рөлі өте жоғары. Заңда қарастырылғанымен, іс жүзінде орындалмай жатқан мәселелер бар. Сол себепті 20-дан аса кәсіподақ ұйымының өкілімен кездескенде, «Аманат» партиясының «Балаңа уақыт арна» деген жобасы жайлы айтып бердім. Өзім партияның «Әйелдер қанатының» жетекшісімін, біз былтыр осындай жоба арқылы кәсіпорын, мекемелердегі басшыларға шығып, қызметкерлердің өз баласына уақыт бөліп, оны тәрбиелеуге атсалысуы керектігін, тек жұмыс-жұмыс деп жүре бермей, отбасыға да уақыт табу керектігін түсіндірдік, сол арқылы қоғамдағы отбасы құндылығын арттыруға назар аударттық. Жұмыс берушілер өз қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайына қарауы, мүмкіндігінше олардың жұмыс уақытын тиімді ұйымдастырып, бос уақытын көбірек отбасына арнауы үшін қолдау білдіруі керек. Астанада басталған осы игі іс қазір өңірлердегі еңбек ұжымдары арасында да кеңінен таралуда. Бұл да жұмысшы мамандық иелерін әлеуметтік тұрғыдан қолдау болып есептеледі.



– Жақында «Аманат» партиясы елордадағы колледж түлектерін жұмысқа орналастыруға атсалысады деген ақжолтай хабар естідім. Қателеспесем, 20 колледжбен меморандум жасалған екен. Толығырақ өзіңіз тарқатып айтсаңыз.

– Иә, осы жұмысты «Аманат» партиясының Астана қалалық филиалы атқарды. Партия филиалы «Жұмысшы мамандықтар» жылы аясында колледж түлектерін жұмысқа орналастыруды қолға алады. Меморандум жасалған 20 колледждің артында осы білім ұйымымен тығыз байланыс жасайтын 20 кәсіпорын, партияның «Әйелдер қанаты» тұр. Қазір бір мамандықпен не біліктілікпен шектелуге болмайды, өйткені еңбек нарығының талабы өсіп келеді. Біз студенттерге мамандықтарына қоса біліктілікті арттыру керектігін айтып жатырмыз. Студенттер колледж қабырғасында қосымша «Бизнес негіздерін», «Стартапты іске қосу», «Қаржылық сауаттылық» мәселелерін көбірек үйренуге тиіс деп есептеймін. Колледждерде қажетті бизнес инкубаторлар жасап, сол жерде студенттерге стартаптарын іске қосуға мүмкіндік берсек, колледж түлектері ертең оқу бітіргенде еңбек нарығына, бизнеске ертерек әрі тәжірибесі бар азамат ретінде араласа алады.

– Қауіпті өндіріс қызметкерлерінің зейнетке ерте шығу мүмкіндігі мәселесі де партияның алға қойған мақсат-міндеттерінде бар екен. Бұл бағыттағы жұмыстар қалай жүруде? Өзіңіз партияның «Әйелдер қанатына» жетекшілік етесіз...

– Мәселені дұрыс көтеріп отырсыз. Әйелдер үшін қауіпті мамандықтар бар. Бізде ұзақ жылдар бойы мынау ерлердің, мынау әйелдердің мамандығы деген тізім де болды. Соңғы жылдары осы тізімді алып тастады, өйткені жаһандық гендерлік теңдік саясаты бізге де келді. Әлемдік қауымдастықтың талабы бойынша біз тиісті келісімдерге қол қойып, ратификациясын жасадық. Бұл құжаттарда әйелдердің қоғамда тең құқықты екені, қай мамандықта болмасын, ерлермен қатар жұмыс істей алатыны туралы келісімдер бар. Осылайша біз әлемдік үрдіске қосылдық. Өзіңіз айтып отырған ауыр және қауіпті еңбек жағдайы ер және әйелдердің екеуіне де қатысты, сондықтан бұған мемлекет тарапынан қолдау шаралары, жаңаша көзқарас керек. Ал нақты әйелдерге қатысты айтар болсақ, мен Павлодар облысында осы тақырыпқа қатысты талқылауға қатыстым. Өндірісі дамыған өлкенің қыз-келіншектері өздерінің өндірістегі арнайы жұмыс киімдерінің, оның ішінде күртеше мен касканың, қолғаптың, етіктің тек ерлерге арнап тігілген түрін киетінін, әйелдерге ыңғайсыздық тудыратынын, жұмыста жүрсе де табиғатына сай әдемі болып жүргісі келетінін айтып, мәселе көтерді. Шынында да өндірістегі қыз-келіншектер киетін жұмыс киімдері тек ерлерге арнап тігіледі екен. Бұдан бөлек, «Әйелдер қанатында» жұмысшы әйелдердің құқығын қорғау деген басым бағытымыз бар, оны «Аманат» депутаты Екатерина Смышляева жүргізеді. Еңбек қатынастарын терең білетін әрі бұрын Кәсіподақтар қозғалысында жұмыс істеген Екатерина Васильевна ауыр еңбектегі әйелдердің жағдайын қалай жеңілдетеміз деген мәселемен Мәжілісте айналысуда.

Заңға енгізетін тиісті нормалар бар, қазір сараптама жүргізіп жатыр.

– Сіздер еңбек жәрмеңкелерін де жиі өткізесіздер ғой.

– Иә, «Аманат» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанаты белсенді жұмыс істеп жатыр. Қатарында бүкіл өңірді қоса есептегенде 800 мыңдай жас азамат бар. Ілкімді жобалар әзірлеп, оны бүкілхалықтық деңгейде іске асыруда. «Таза Қазақстан» эко-акциясы туралы естіген шығарсыз. Былтыр Астана – Алматы арасындағы автомобиль жолы бойын түрлі қоқыстан тазарту мақсатында «Таза Қазақстан» road-эстафетасы ұйымдастырылды. Партия жастары «Жастарға жұмыс» жобасын іске қосты. Оның аясында өңірлердегі жастарға, оның ішінде NEET жастар санатындағыларға жұмыс тауып беру мақсатында тізім жасалып, олардың қажеттіліктері анықталды. Қорытындысы ретінде былтыр тамыз айында Еңбек және халықты қорғау министрлігімен бірге жастарға еңбек жәрмеңкесін ұйымдастырдық. Соның арқасында еліміз бойынша елу мыңға жуық жас жәрмеңкеге қатысып, жұмысқа тұруға мүмкіндік алды. Мұндай жұмыстар жастар үшін де, кәсіпорындар үшін де маңызды, өйткені осындай коммуникацияның арқасында кәсіпорындар өзіне қажетті қызметкерді табады, жастар қандай кәсіпорындар барын біледі. Астананың өзінде осы жәрмеңкеге 100-ден аса кәсіпорын қатысты. Бұл ретте «Аманат» партиясы екі тарапты байланыстырушы ретінде өз міндетін орындады.

– Колледждердің имиджін өзгерту, қоғамдық пікірді дұрыстау керек секілді. Өйткені «мектепте 10-11 сынып оқығысы келмегендер, ҰБТ тапсырудан қорқындар ғана колледждерге кетеді» деген түсінік бар.

– Иә, дұрыс айтасыз. Ондай түсініктің бары рас. Әрине, ҰБТ-ны тапсыра алмай, ЖОО-на түсе алмай қалғаннан, оданда колледжге қазір кетіп қалайын дейтіндер де жоқ емес. Бірақ бұл колледжге түсетін барлық бала осындай оймен келеді дегенді білдірмесе керек. Өз қалауымен кәсіптік-техникалық білім алсам, елге, қоғамға пайдалы азамат болсам, адал еңбегіммен отбасыма көмектесем деп келетін жастар көп. Көптеген жастарымыз орта мектептің бағдарламасымен келіспей, колледжге өзімнің кәсіби құзыреттілігімді дамытам, жаңа қырымды ашамын деп келеді. Осында жүріп, біліктілігін арттырып, бизнес ашудың қыр-сырын меңгереді, шеберханаларда жүріп, тәжірибе жинап, оны өндіріс орындарында сынап көреді. Жалпы айтқанда, колледжде оқып, өзін дамытқан жастар арамызда өте көп. Кәсіптік-техникалық колледждер осындай студенттеріне көңіл бөліп, оны өзгелерге үлгі етудің жолдарын іздестіргені жөн. Бұл шара колледждердің қоғамдағы беделін арттырып, насихатын жүргізеді. Сондықтан колледж мектептен қашқан балалардың жиналатын орыны емес, бұл өзін нақты бір кәсіби бағытқа арнаған жастардың оқитын білім ордасы дер едім.

– Шолпан Таңатқызы, «Аманат» партиясы қолға алған істер аяғына дейін жетеді, көтерілген мәселелер тек «Жұмысшы мамандықтар» жылымен шектеліп қалмай, мүмкіндігінше жақын арада тиянақталады деп сенеміз.

**Сұқбаттасқан:
Жанболат Шәкім**



ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ОРТА АЗИЯ ҚҰРЫЛЫС МАМАНДАРЫ: ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІК ЖАРЫСЫ

Алматыда 27 ақпан күні құрылыс саласындағы кәсіптік-техникалық білім беру және тәжірибе алмасу бағытында халықаралық конференция өтті. Алматы құрылыс-техникалық колледжінің аумағында ұйымдастырылған іс-шараға Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан және Моңғолиядан келген құрылыс мамандары мен педагогтер қатысты. Қатысушылардың мақсаты ортақ – кәсіби шеберлікті арттыру, тәжірибе алмасу және жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеру.

”



Бұл күні колледжде екі үлкен шара өтті: әлемдік жетекші бренд «GROHE» ресурстық орталығының ашылуы, сонымен қатар «Сантехника және жылыту» құзыреттілігі бойынша халықаралық кәсіби байқау. Осы оқиғалар тек құрылыс саласы үшін ғана емес, жалпы кәсіптік білім беру жүйесі үшін де маңызды қадам болды.

Ресурстық орталық:

білім мен тәжірибенің тоғысуы

Алғашқы шара – «GROHE» ресурстық орталығының ашылуы. Бұл орталық WorldSkills стандарттары негізінде студенттерді, оқытушыларды және болашақ мамандарды заманауи құрылыс технологияларына үйретуге арналған. Мұнда шеберлік



сабақтары, кәсіби байқаулар, оқу тренингтері және халықаралық тәжірибе алмасу ұйымдастырылады.

Колледж директоры Бектұрған Ахметов аталған орталықтың маңыздылығын атап өтті:

– Бүгін біз маңызды қадам жасап отырмыз. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Бұл біз үшін үлкен мүмкіндік. Біздің колледж 55 жылдан бері мыңдаған білікті маман дайындап келеді. Жаңа ресурстық орталық студенттер мен оқытушыларға әлемдік деңгейде білім алуға жол ашады. Біз тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл өңірде техникалық және кәсіптік білімнің флагманы болуға ұмтыламыз.

Бұл орталықта GROHE, KNAUF сынды әлемдік брендтердің заманауи жабдықтары орнатылған. Колледж студенттері енді жаңа технологиялармен тікелей жұмыс істеп, кәсіби чемпионаттарға дайындала алады. Шараның басты жаңалығы – «GROHE» ресурстық орталығының салтанатты ашылуы. Бұл орталық «Сантехника және жылыту» құзыреттілігі бойынша WorldSkills стандарттарына сәйкес студенттер мен мамандарды дайындауға бағытталған.

Халықаралық кәсіби байқау

Ресурстық орталықтың ашылуынан кейін ең маңызды сәт – Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Моңғолия педагогтері арасында «Сантехника және жылыту» құзыреттілігі бойынша халықаралық кәсіби байқау өтті.

Колледждің шеберханалары мен оқу залдарында нағыз тартыс басталды. Әр қатысушы өз шеберлігін дәлелдеуге тырысты. Оларға берілген тапсырмалар WorldSkills талаптарына сай жасақталған. Байқауға қатысушыларға нақты уақыт шектеуі қойылып, тәжірибелік дағдылар, жылдамдық, нақтылық және инновациялық шешімдер бағаланды.

Байқаудың тағы бір ерекшелігі – бұл EuroskillsHerning2025(Дания)чемпионатына



дайындықтың маңызды кезеңі болды. Бұған дейін WorldSkills Қазақстан чемпионатында жүлделі орындарға ие болған үздіктер осы жарыста өз мүмкіндіктерін тағы бір мәрте сынап көрді.

– Бұл байқау – біздің саламыздың болашағын айқындайтын маңызды алаң. Бүгінде құрылыс саласында жаңа технологиялар қарқынды дамып жатыр. Болашақ мамандар тек теорияны ғана емес, нақты тәжірибені де меңгеруі қажет. Біз бүгін өз кәсіби біліктілігімізді көрсетіп қана қоймай, жаңа идеялармен, әдістермен бөлісіп отырмыз, – деді байқауға қатысушы өзбекстандық педагог Шавкат Нұрматов.

Жиындағы академиялық ресурсты, әріптестік, мәдени-әлеуметтік қозғалысты реттеуші «Талап» КЕАҚ өкілдері дараланып, өзара ынтымақтастықтағы бетбұрыстарды айқындап берді.

Байқау барысында GROHE, KNAUF секілді ірі компаниялар өз өнімдері мен жаңа технологияларын таныстырды. Бұл тек жарыс қана емес, болашақ мамандар мен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастықтың жаңа деңгейі болды. Ұйымдастырушылар атап өткендей, бұл – түркітілдес елдер арасындағы алғашқы кәсіби шеберлік чемпионаты және техникалық-кәсіптік білім беру жүйесінің беделін арттыруда үлкен рөл атқарды.



– Біз жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы орнын арттыру үшін осындай халықаралық шараларды жиі өткізуіміз керек. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Моңғолия педагогтері бір алаңда бас қосып, тәжірибе алмасқаны – бұл үлкен жетістік. Кәсіби білім беру жүйесінің дамуы – ел экономикасының тұрақты дамуына тікелей әсер етеді, – дейді колледж директоры Бектұрған Ахметов.

Байқауға қатысушылардың айтуынша, бұл тек жарыс қана емес, кәсіби дамудың жаңа кезеңі. Білік пен білім, машық пен мәдениет дәнегі ортаға салынған келелі кездесуде әлі талқыға түсер тақырып, талданар мәселе көп.

Алматы құрылыс-техникалық колледжі: болашаққа бағыт

Алматы құрылыс-техникалық колледжі 55 жылдан бері құрылыс, сәулет, дәнекерлеу, автомобиль жөндеу, сандық технологиялар, электромеханика сияқты салалар бойынша білікті мамандар дайындап келеді. Колледж тек Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде кәсіптік білім берудің көшбасшыларының бірі болуға ұмтылуда. Инновациялық оқыту әдістері, заманауи технологиялар және жоғары білікті оқытушылар ұжымы – колледждің басты байлығы.

Бұл байқау Қазақстанның білім беру және кәсіптік саладағы үлесін көрсетуге үлкен мүмкіндік берді. Халықаралық әріптестікті нығайтып, кәсіптік білім беру жүйесіне қоғамның назарын аударуға бағытталған бұл шара алдағы жылдары да өз жалғасын таппақ.

Осы шарадан кейін колледж әкімшілігі алдағы жоспарларымен бөлісті. Келесі кезеңде құрылыс және инженерия саласындағы жаңа құзыреттіліктер бойынша ресурстық орталықтар ашу және шетелдік серіктестермен бірлескен бағдарламаларды дамыту көзделіп отыр.

Алматы құрылыс-техникалық колледжінде өткен бұл халықаралық байқау жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға бағытталған маңызды қадам болды. Болашақта мұндай іс-шаралар білім беру мекемелерімен жұмыс берушілер арасындағы байланысты нығайтып, жастардың техникалық мамандықтарға қызығушылығын арттыруға септігін тигізері сөзсіз.



**Дулатбек Нұрланұлы,
Алматы**